




ЖАРҒА ЖЫҒАР ЖАРНАМАҒА ТОСҚАУЫЛ БАР

Қазақстанда заң мен тәртіпті күшейтетін кезекті қадам жасалды. Бар саланы, бар санатты жайлап, бассыз кеткен құмаройындарының өрісі бұрын-соңды болмаған деңгейде күрт шектелмек. Мысалы, балалар мен лудомандар ғана емес, сондай-ақ әскердегілер, сотталғандар да бәс тіге алмайды. Өйткені бұрын істі болған мыңдаған адам ары қарай ойнау үшін қарызға батқан. Бұл берешегі оларды тағы қылмыс жасауға итермелейді. Президент қол қойған жаңа заңның бұл бағытта тағы қандай жаңалығы бар?



→ 5



«AMANAT»: QAISAR ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ

Отан қорғаушы күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Qaisar әскери-патриоттық ойындарын ұйымдастырды. Қарағанды облысындағы Спасск оқу-жаттығу орталығында өткен іс-шарада 300-ден астам адам бас қосты. Олардың арасында «Жас сарбаз» ұйымының тәрбиеленушілері, «Әлияшылар» қозғалысына қатысушы қыздар, бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімдері мен әскери кафедралардың өкілдері, сондай-ақ еліміздің барлық өңірінен келген 100 жоғары сынып оқушысы бар.

→ 2

СЭБ-тен СЕНІМ КЕТТІ МЕ?

СЭБ деп отырғанымыз – бұрынғы СЭС. Яғни, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі. Соңғы кездері әртүрлі қоғамдық орыннан, жиын-тойлардан инфекция жұқтырып, «осынша адам уланыпты» деген жаңалықтар жиі таралып жүр. Міне, осындай мекемелердің тазалығын, тамақтарының санитарлық талапқа қаншалықты сай екенін осы СЭБ тексереді.



→ 8-9



«БІРЛІК АҒАШЫ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық бастамасы аясында ауқымды «Бірлік ағашы» экологиялық акциясын ұйымдастырды. Еліміздің барлық өңірін қамтыған тазалық іс-шарасы он мыңдаған азаматтың басын қосты. Каспий теңізінің жағалауынан бастап, Іле Алатауының шатқалдарына дейін көше мен аула, тарихи ескерткіштер мен табиғи аумақтар тазаланды.

→ 3


БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

АУЫЛҒА ЖАН БІТСЕ,
ЕЛГЕ НӘР БІТЕДІ



→ 12-13

АҢЫЗДАР АЛАҢДА
АЙҚАСТЫ



→ 16

БАСПАСӨЗ-2025



AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
екінші жартыжылдыққа
жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай	10 500	Қала	Ауыл
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай	6 250	15 871,08	11 854,86
				7604,46	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



САЯСАТ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

«АМАНАТ»: QAISAR ОЙЫНДАРЫ БАСТАЛДЫ



Отан қорғаушы күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «АМАНАТ» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты Qaisar әскери-патриоттық ойындарын ұйымдастырды. Қарағанды облысындағы Спасск оқу-жаттығу орталығында өткен іс-шарада 300-ден астам адам бас қосты. Олардың арасында «Жас сарбаз» ұйымының тәрбиеленушілері, «Әлияшылар» қозғалысына қатысушы қыздар, бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімдері мен әскери кафедралардың өкілдері, сондай-ақ еліміздің барлық өңірінен келген 100 жоғары сынып оқушысы бар.

Әскери-патриоттық ойындардың ашылу салтанатына Мәжіліс Спикері, «АМАНАТ» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Парламент депутаты, Қорғаныс министрлігі мен «Астана» өңірлік қолбасшылығының басшылығы, қарулы күштер ардагерлері, қоғам өкілдері және өзге де азаматтар қатысты.

Өз сөзінде Ерлан Қошанов 2022 жылы «АМАНАТ» партиясының кезектен тыс XXII съезінде «Жастар Рухы» жастар қанаты Qaisar әскери-патриоттық ойындарын тұрақты түрде өткізу жөнінде бастама көтергенін атап өтті. Бұл бастамаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қолдау білдірді. Осы жылдар аралығында Qaisar әскери-патриоттық ойындары тұрақты түрде өткізіліп, жай ғана әскери-спорттық іс-шара емес, нағыз ерліктің, патриотизмнің, жауапкершілік пен тәртіптің мектебіне айналды. Жалпы, осы уақыт ішінде жобаға 5 мыңға жуық ұл мен қыз қатысты.

«Президент айтқандай, біз ұрпағымызға дамыған әрі мықты мемлекет қалдыруымыз керек. Ол үшін жастарды дұрыс тәрбиелеу

қажет. Бұл істе әскер ерекше рөл атқарады. Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері тек әскери дайындықпен шектелмейді. Кез келген төтенше жағдай мен табиғи апат болса, әскеріміз бірінші болып көмек қолын созады. Бұл — Отан алдындағы парызы бен халық алдындағы жауапкершіліктің шынайы көрінісі. Сіздердің бойларыңызда да осындай қайсар рух пен отаншылдықтың бар екеніне кәміл сенемін!», — деді ол.

Сондай-ақ партия Төрағасы осы ойындардың Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өткізілуінің символдық мәні зор екенін жеткізді. Сұрапыл соғыс жылдары 1,7 миллионнан астам отандасымыз немесе республика халқының әрбір төртінші тұрғыны майданға аттанып, жартысына жуығы қайтып оралмады. Олардың жанқиярлық ерлігі мен қайсарлығы ұрпақ жадында және ел тарихында мәңгі сақталады. Жеңістің 80 жылдық мерейтойына орай елордада Қазақстан армиясының қуаты мен ұрпақтар сабақтастығын айқындайтын ауқымды парад өтеді.

Жалпы, Qaisar ойындары жас патриоттарды тәрбиелеу ісінің маңызды бөлігіне айналды. Мұнда ел жастары қару-жарақты дұрыс қолдана білуді үйреніп, күш-қуаты мен төзімін шыңдап қана қоймай, командалық рух қалыптастыруға және әркез ел мүддесін қорғауға дайын болуға дағдыланады. Осындай қасиеттер әр адамға керек. Тіпті, кез келген салада қажет. Олар адам мінезін шыңдап, алға қойған мақсатқа жетуге және жауапкершілікті сезінуге үйретеді.

Ерлан Қошанов мемлекет саясатына сәйкес, әскери қызметшілерді қолдау және әскери қызметтің беделін арттыру мәселесіне ерекше мән берілетінін атап өтті. Бүгінде Қазақстан армиясы жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейін көрсетіп, оның әлеуеті жылдан-жылға артып келеді. Мемлекет тарапынан әскери қызметшілерге әлеуметтік қолдау көрсету шаралары үнемі күшейтілуде. Соның бірі — әскерде азаматтық борышты өтегеннен кейін тегін жоғары білім алу мүмкіндігі. Қазірдің өзінде 4 500-ден астам жас азамат осы мүмкіндікті пайдаланып үлгерді.

Сонымен қатар «АМАНАТ» партиясының бастамасымен әскери-патриоттық тәрбие туралы заң жобасы әзірленді. Құжат азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие берудің біртұтас жүйесін құруға және осы жұмысқа барлық мемлекеттік ұйымды белсенді тартуға бағытталған. Сондай-ақ заң жобасы бастауыш әскери дайындық пәні мұғалімдерінің мәртебесін арттыруды көздейді. Болашақта әскери-патриоттық үйірмелердің түлектері әскери жоғары оқу

орындарына түсу және әскери қызметке келісімшарт бойынша орналасу кезінде жеңілдіктерді пайдалана алады. Бұған қоса, әскерге шақырылған жастарға қолдау көрсетудің қосымша шаралары қарастырылуда. Атап айтқанда, жұмыс орындарын сақтап қалудан бастап, оқу ақысын өтеу міндетінен босатуға дейін көзделуде.

Сондай-ақ заң жобасына бастауыш әскери дайындық пәні мұғалімдерінің киім кию тәртібі туралы норма да енгізілді. Бұл бастаманы кезінде «Мұғалім Talks» платформасы аясында петропавлдық бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімі Дархан Қоспанов көтерген болатын. «АМАНАТ» партиясының депутаттары бұл ұсынысты қолдады.

Ойындар екі күн жалғасады. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастар оқ ату, әскери эстафета, автоматты шашып-жинау, зияткерлік сайыстар мен тактикалық тапсырмалар арқылы білімін, күш-жігерін, төзімділігін және жеңіске деген талпынысын танытады. Биыл дәстүр мен заманауи технологияны ұштастыруға ерекше назар аударылды. Бағдарламаға алғаш рет ұлттық спорт түрлері мен цифрлық пәндер енгізілді.

Әскери-патриоттық ойындар аясында оқу-жаттығу орталығының аумағында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылды. Бұл қадам майдангерлердің ерен ерлігін жастар қауымының есіне салып, ұрпақ сабақтастығының тағы бір маңызды символына айналды.



3 МЫҢ МАРАФОНШЫ ҚАТЫСТЫ

Елордада 1 мамыр күні Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Бірлік жүгірісі-2025» республикалық марафоны өтті. Астана әкімдігінің хабарлауынша, «Бірлікке 30 жыл – Ассамблеяға 30 жыл» ұранымен 3000-нан астам адам жарысқа қатысты.

Қатысушылар ЭКСПО аумағынан «Бәйтерек» монументіне дейін жүгіріп, Түркістан мен Ақмешіт көшелері арқылы кері қарай қайтты. Кәсіби спортшылардан бастап белсенді өмір салтын ұнататындарға дейін әртүрлі жастағы қатысушы бар.

Мереке күні елордалық желаяқтармен бірге өзге өңірлерден келген қатысушылар



да жарыс жолына шықты: жарыс бір уақытта еліміздің 20 облысында өтті. Басты мақсат — бірліктің, достықтың және саламатты өмір салтының маңызын көрсету.

«Спорт бәрімізді бір арнаға тоғыстырады. Бүгін жас-кәрінің, түрлі ұлт өкілінің арасында жүгірдім. Міне, бұл ұлттар арасындағы нағыз достықтың белгісі», —

деп марафонға қатысушылардың бірі өз әсерімен бөлісті.

Марафон бірнеше қашықтықты қамтыды: балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін 1 шақырым, скандинавиялық жүріске арналған 5 шақырым, бұқаралық қолдау жүгіруі және тәжірибелі жүгірушілерге арналған 10 және 21,1 шақырым қашықтықтар. Қатысушылар жас ерекшелігіне қарай бөлінді. Ерекше қызығушылық тудырған кезең — 30 шақырым командалық эстафета (6×5 шақырым), әр команда құрамында міндетті түрде бір әйел болуы тиіс. Жарыс соңында жүлделер ойнатылды.

Қатысушылар белгіленген қашықтықты еңсеріп қана қоймай, іс-шарадан кейін айналадағы қоқысты жинап, «Таза Қазақстан» акциясына қатысты.

Бұл марафон — Бірлік күніне арналған ауқымды бағдарламаның бір бөлігі. Мереке қарсаңында елордада көрмелер мен викториналардан бастап түрлі концерт пен спорттық жарыс сияқты әртүрлі іс-шара өтті.

БАҒДАР

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

«БІРЛІК АҒАШЫ» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыхалықтық бастамасы аясында ауқымды «Бірлік ағашы» экологиялық акциясын ұйымдастырды. Еліміздің барлық өңірін қамтыған тазалық іс-шарасы он мыңдаған азаматтың басын қосты. Каспий теңізінің жағалауынан бастап, Іле Алатауының шатқалдарына дейін көше мен аула, тарихи ескерткіштер мен табиғи аумақтар тазаланды.



Жалпы, «Таза Қазақстан» бастамасы қолға алынғаннан бері игі іске 4 миллионнан астам адам қатысты. Осылайша, 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,3 миллионнан астам ағаш егілді.

Акцияға еліміздегі партия белсенділері мен жақтастары, Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, мәслихат депутаттары, «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері және табиғатқа бейжай қарамайтын азаматтар қатысты.

Астанада партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек «Жастар Рухының» мүшелерімен бірге Бейбарыс Сұлтан көшесінің бойына ағаш екті. Ол аталған іс-шараның Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылуының мәні мен маңызына тоқталды.

«Партиямыз Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» жобасына алғашқы күннен бастап белсенді атсалысып келеді. «AMANAT» партиясының мұрындық болуымен еліміздің барлық өңірінде өткізілетін «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы бір жарым жылдан астам уақыттан бері үздіксіз жалғасын табауда. Биыл бұл игі іс-шара Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Ассамблеяның 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. «Бірлік ағашы» арқылы біз ортақ еңбектің, азаматтық ұстаным мен ынтымақтың

үлгісін көрсетеміз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтып өткендей, «Таза Қазақстан» — бұл тек экологиялық науқан емес, бұл — өмір салты. Тазалық тек қана айналамызда емес, ойымыз бен санамызда да болуы қажет», — деді ол.

Ақтаудағы Каспий теңізінің жағалауында өткен тазалық акциясына 100-ге жуық адам қатысты. 14-шағынаудан жағалауындағы қоқыстар жиналып, жазғы маусымға дайындық жүргізілді.

Алматы қаласында тазалық жұмысы Бутаков шатқалында өтті. Таң біліне қолдарына қолғап пен кап ұстап шыққан партияластар, «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері және экологтер, яғни бас-аяғы 50-ден астам белсенді табиғатты қоқыстан тазартты.

Петропавл қаласында тазалық жұмысы Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш маңында өтті. Ескі қалалық зираттағы мемориалдың айналасы ретке келтіріліп, тазартылды. Сонымен қатар ескерткіш қайта боялып, тарихи орын қайта қалпына

келтірілді. Бұл — ұрпақтар сабақтастығы мен бірліктің жарқын көрінісі.

Шымкент қаласында да ауқымды тазалық жұмысы қолға алынды. Абай атындағы саябақта орналасқан Даңқ мемориалында «Жастар Рухының» мүшелері батырларға тағзым етіп, патриоттық тәрбие мен экологиялық мәдениет үндестігінің маңызын көрсетті. Айта кетейік, бұл жер Жеңістің 80 жылдығын атап өтетін негізгі орындардың біріне айналмақ.

Жалпы, «Таза Қазақстан» бастамасы қолға алынғаннан бері игі іске 4 миллионнан астам адам қатысты. Осылайша, 1,5 миллион тоннадан астам қоқыс жиналып, 3,3 миллионнан астам ағаш егілді. Ал «Таза бейсенбі» акциясы аясында ел аумағында 1 000-нан астам ластанған аумақ тазартылып, 70 мыңнан астам азаматтың қатысуымен 120 мың тонна қоқыс жиналды.

Осындай игі бастамалар — ел бірлігінің, азаматтық белсенділік пен ортақ жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Елнар ЕЛТАЙ



ЖЕТІСУДА — «ДОСТЫҚ АЛЛЕЯСЫ»

1 мамыр — Қазақстан халқы бірлігі күні мейрамы кезінде Талдықорған қаласындағы «Достық үйі» маңынан жаңа аллея ашылды. «Достық аллеясының» ашылу салтанатына облыс басшылығы, Ассамблея өкілдері, жастар қатысып, уақыт капсуласын қойды.

Шараға жиылғандар «Достық аллеясы» мәдени іс-шаралар, кездесулер мен ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған акциялар өтетін орынға айналатынын атап өтті. Олардың ішінде шараға белсене қатысқандар арасында І. Жансүгіров атындағы университеттің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Бархудар Гусенов те бар.

— Бүгінгі отырғызылған 30 көшет саны кездейсоқ таңдалған жоқ. Ол — Ассамблеяның 30 жылдық тарихындағы татулық пен тұрақтылықтың, түрлі этностардың бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүріп келе жатқанын білдіретін символ. Әр отырғызылған тал — табиғатқа деген қамқорлықтың ғана емес, ел болашағына қалдырылған рухани мұраның, үміттің де көрінісі. Ал «Болашаққа хат» уақыт капсуласының салынуы — бүгінгі ұрпақтың ертеңгі күнге деген сенімі, елдің болашағына аманат еткен жүрек сөзі деп білемін, — дейді ол.

«30 жыл — Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін тұтас бір дәуір. Ол — ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің, бірліктің символына айналды. «Достық аллеясының» ашылуы — бұл жай ғана көркем бастама емес, бұл Ассамблея атқарып жатқан ұлы миссия туралы терең еске салу. Бәріміз үшін Қазақстан — әр ұлттың мәдениеті мен дәстүрі құрметтелетін ортақ үй», — деді облыстық корей этномәдени

бірлестігінің төрағасы Владимир Ли.

Сондай-ақ бұл жарқын оқиғаның қатысушылары Ассамблея үш онжылдық ішінде ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге ықпал ететін маңызды институтқа айналғанын атап өтті. Оның қызметі білім беру бағдарламаларынан бастап қайырымдылық шараларына дейін қоғам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Олардың айтуынша, Талдықорғандағы Достық аллеясы — қоғамдық келісімді нығайту мен бейбітшілік идеяларын ілгерілету жолындағы тағы бір қадам.

Салтанатты рәсімнің ерекше сәті — түрлі этнос өкілдерінің жолдаулары салынған «Болашаққа хат» уақыт капсуласының қойылуы болды. Үміт пен шабытқа толы бұл хаттар Қазақстанның болашақ тұрғындарына арналып жазылған. Олар қоғам дамуының негізі болып табылатын бейбітшілік, достық пен өзара құрметті сақтап қалуға деген ұмтылысты бейнелейді.

«Бұл аллеяның пайда болуы — бірлік, достық және қоғамдық келісімнің жарқын символы. Аллея біздің қоғамымызбен бірге өсіп, барлығына негізгі құндылықтар туралы ескерту жасап тұратын болады. Уақыт капсуласына салынған барлық тілектер келесі жылдары өз шындықтарына айналса деп тілеймін», — деп әсерлерімен бөлісті Жетісу облысы «Славян қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Наталья Белик.

Осылайша, аталған аллея Талдықорған қаласының халық демалатын көрнекті орындарының біріне айналмақ. Уақыт капсуласын 2045 жылы, Ассамблеяның 50 жылдық мерейтойы өтетін жылы ашу жоспарланып отыр.

Қатысушылар шара соңында естелік суретке түсіп, ақсақалдар шараны ұйымдастырушылар мен жастарға ақжолтай тілектерін білдірді.

С.БЕГІМБАЙ

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) жаңа кезеңге аяқ басқалы тұр. Қоғамда қызу талқыланып жатқан бұл өзгерістер – денсаулық сақтау саласындағы ұзақмерзімді реформалардың бір бөлігі. Жуырда Мәжіліс депутаттары жаңа заң жобасын алғашқы оқылымда мақұлдап, халықтың медициналық көмекке қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған бірқатар ұсыныстарды талқылаған еді. Реформа аясында медициналық көмек пакеттерінің құрылымы қайта қаралып, қаржыландыру жүйесіне де өзгерістер енгізілмек. Бұл жаңалықтар, әсіресе халықтың осал топтары мен МӘМС жүйесіне қатыспаған азаматтар үшін ерекше маңызды. Осы және өзге де маңызды мәселелер бойынша Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымовамен сұхбаттастық. Ол реформаның негізгі бағыттары, жаңа тетіктердің маңызы мен қоғам үшін ықтимал салдары туралы кеңінен айтып берді.



Гүлдара НҰРЫМОВА,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

МӘМС ЖҮЙЕСІН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУ ҚАЖЕТ

– Гүлдара Алданышқызы, елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне ауқымды реформа жасалып жатыр. Мәжілісте талқыланған бұл заң жобасына қандай өзгерістер енгізілмек?

– Заң жобасы Денсаулық сақтау министрлігімен Мемлекет басшысының әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленді. Заң жобасында мынадай негізгі бағыттар көзделген:

Біріншіден, медициналық көмектің бірінші пакетін құру, бұл кепілдендірілген көлем мен МӘМС аясындағы көмекті нақты бөліп көрсетуді көздейді. Сонымен қатар алғашқы медико-сани-

базалық көмекті мемлекет өз мойнына алады, ал қалғаны сақтандыру арқылы жүзеге асырылады. Бұл модель азаматтарды сақтандырылған мәртебе алуға ынталандырады деп күтілуде.

– Салаға қазіргідей ауқымды реформа жүргізуге не түрткі болды?

– 2020 жылы МӘМС енгізілгеннен кейін денсаулық сақтау жүйесіне қосымша қаржы келіп түсті. Бұл оң нәтиже береді деп күттік. Бірақ, өкінішке қарай, олай болмады. Неліктен деген сұрақ әлі де жауапсыз қалып отыр. Мұнда ішкі және сыртқы факторлар әсер етті.

Қаржыландырудың шектеулі болуына байланысты кейбір қызмет түрлеріне қолжетімділік шектелді. Бұл халық тарапынан да, медицина қызметкерлері тарапынан да орынды сын туғызды.

лицензиясы мен рұқсат құжаттары жоқ жеткізушілерге қаражат бөлу сияқты заңсыз әрекеттерге жол бермеу мақсатында қор қызметін бақылау мен ашықтығын күшейту жөніндегі ұсыныстар қарастырылды. Бұл жағдайдың себебі – барлық қаржы бөлу, мониторинг және бақылау функцияларының бір қолда шоғырлануында жатыр. Мұнда мүдделер қақтығысы анық байқалады. Сондықтан депутаттар бақылау функцияларын және жосықсыз мекемелерді жауапкершілікке тарту, соның ішінде айыппұл салу құзыретін Фармацевтикалық және медициналық бақылау комитетіне беру жөнінде нормалар ұсынды.

Ал айқын әрі оң нәтижеге тек цифрландыру және бағдарламалардың интеграциясы толық аяқталған жағдайда ғана қол жеткізуге болады.

– Медициналық көмектің базалық кепілдік пакеті аясында қандай қызмет түрлерін сақтау ұсынылып отыр?

– Жаңа заң жобасына сәйкес, алғашқы медициналық-санитариялық көмек (АМСК) қызметтерін толықтай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеті аясында көрсету ұсынылған. Бұл реформа медициналық қызмет сапасын арттырып, тиімділігін күшейтуге бағытталған. Алайда оның сақтандырылмаған азаматтарға тигізетін ықтимал кері әсерлері де жоқ емес. Егер бұл көмек тек сақтандырылған азаматтарға ғана қолжетімді болса, онда МӘМС жүйесіне енген азаматтар емханалар мен отбасылық дәрігерлік амбулаторияларда қарапайым, күнделікті қажет медициналық қызметтерді ала алмай қалуы мүмкін.

Осы мәселені ескере отырып, Мәжіліс депутаттары алғашқы медициналық-санитариялық көмектің бірқатар базалық қызметтерін мемлекеттік тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде сақтау қажет деген ұсыныс енгізді. Бұл – халықтың денсаулығын қорғаудағы қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Атап айтқанда, кепілдік берілген пакетке медициналық көмекке алғаш рет жүгіну, алдын ала тексеру (профилактика), бастапқы диагностика, сондай-ақ

әлеуметтік маңызы бар 8 ауру түрін емдеу қызметтері енеді.

Бұл ауруларға қатерлі ісік (онкология), туберкулез, ВИЧ/СПИД, гепатит және басқа да инфекциялық және созылмалы сырқаттар кіреді. Мұндай аурулармен күрес – мемлекет үшін стратегиялық міндеттердің бірі. Осыған байланысты, бұл аурулардың нақты тізбесін уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін болады. Осылайша, ұсынылған өзгерістер халықтың әлсіз топтарын медициналық көмектен шет қалдырмай, қолжетімділікті сақтауға мүмкіндік береді.

– Еңбекке жарамды азаматтар мен жұмыс берушілер үшін жарналарды есептеу шегін ұлғайту нормасы әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан қалай негізделеді?

– Алғашқы ұсынылған заң жобасында жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін МӘМС жарнасының шекті мөлшерін 10 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) 50 АЕК-ке дейін көтеру көзделген болатын. Алайда бұл бастама қоғамда алаңдаушылық тудырып, азаматтардың әлеуметтік жағдайына қосымша салмақ түсіруі мүмкін деген пікірлер айтылды. Осыған байланысты Мәжіліс депутаттары бұл шекті мөлшерді қайта қарастырып, жұмыс берушілер үшін – 40 АЕК, ал жұмыскерлер үшін 20 АЕК көлемінде бекітуді ұсынды. Бұл шешім еңбекақы қорына түсетін жүктемені біршама жеңілдетіп, бизнестің де, азаматтардың да мүдделерін ескеруге бағытталған. Осылайша, жүйенің тиімділігін арттыру мақсатында жарна төлеу тәртібін реттейтін және сақтандыру жүйесіне қатысушылар санын

ұлғайтуға ықпал ететін бірқатар ынталандырушы нормалар енгізілді.

Сонымен қатар депутаттар маңызды нормалардың бірін ұсынды. Оған сәйкес егер азамат соңғы 5 жыл ішінде жарна төлеген болса, онда ол жұмыссыз қалған күннен бастап 6 ай бойы сақтандырылған болып есептеледі.

– Жүйеге сақтандырылмаған азаматтарды тарту мақсатында қандай ұсыныстар мен іс-шаралар қарастырылып отыр?

– Бұл – қазіргі таңда елдің денсаулық сақтау саласындағы өзекті әрі шешімін қажет ететін маңызды мәселенің бірі. Бүгінде МӘМС жүйесіне 16,7 миллион адам қамтылған. Олардың ішінде 12 миллионға жуығы – жеңілдікке ие санаттағы азаматтар. Демек, бұл топтағы азаматтар үшін жарнаны мемлекет өз мойнына алып отыр. Ал қалған 4,7 миллионы – өз бетінше жарна төлеп, жүйеге белсенді түрде қатысып келе жатқан азаматтар. Алайда статистикаға жүгінсек, тағы 3,5 миллионнан астам адам бұл жүйеден тыс қалғанын көреміз. Бұл азаматтар, өкінішке қарай, жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алмайды, яғни тек шұғыл және алғашқы медициналық көмекті ғана ала алады.

Қазіргі уақытта жеңілдік берілген 15 санат сақталады және мемлекет тарапынан толықтай қаржыландырылып отыр. Енді келесі маңызды қадам – жұмыссыздар мен әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарды жүйеге қосу. Осы мақсатта олардың жарнасын жергілікті атқарушы органдар, яғни әкімдіктер төлеуге тиіс. Бұл – шамамен 1 миллионға жуық адам. Демек, жүйеден тыс қалған 3,5 миллион азаматтың кем дегенде үштен бірі сақтандырылғандар қатарына қосылуы мүмкін.

Ал қалған 2,5 миллион адам ең қажетті деген қызметтер – бастапқы кеңес беру, әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша диагностика мен ем-шаралар және шұғыл медициналық көмек ала алады. Бұл да азаматтарды жүйеге қосылуға ынталандыратын нақты қадам болады деп сенеміз.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

Жаңа заң жобасына сәйкес, алғашқы медициналық-санитариялық көмек (АМСК) қызметтерін толықтай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеті аясында көрсету ұсынылған. Бұл реформа медициналық қызмет сапасын арттырып, тиімділігін күшейтуге бағытталған.

тарлық көмек қызметтерін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) пакетінен МӘМС пакетіне ауыстыру жоспарлануда.

Екіншіден, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету. Бұл үшін жарналарды есептеу кезінде қолданылатын айлық кірістің жоғарғы шегін арттыру, сондай-ақ жеңілдік санатындағы азаматтар үшін мемлекет жарналарын республикалық бюджеттен кезең-кезеңмен арттыру ұсынылады.

Үшінші бағыт – МӘМС жүйесіне сақтандырылмаған халықты тарту. Бұл ретте жұмыссыздар мен әлеуметтік жағынан дағдарыстық, шұғыл жағдайдағы азаматтар үшін жарналарды жергілікті бюджет есебінен төлеу қарастырылған.

Жалпы, біз сақтандыру моделіне көшуіміз керек. Бұл дегеніміз, белгілі бір

Бұдан бөлек, медициналық ұйымдардың өздері де кредиторлық қарыздың артуымен қиын жағдайға тап болды. Сондықтан жүйені түбегейлі өзгерту қажет деп есептейміз.

Тағы бір айта кетерлік маңызды мәселе – медициналық ұйымдарды қаржыландырудың жыл сайын кешеуілдеуі. Былтыр қаржыландыру тек маусым айында басталған болатын. Мысалы, 2024 жылы республикалық бюджеттің Денсаулық сақтау министрлігі алдындағы берешегі 212 миллиард теңгені құрады. Бұл жағдай медициналық көмектің қолжетімділігіне, сапасына және уақытылы көрсетілуіне теріс әсер етеді. Ал тарифтер әлі де төмен деңгейде қалып отыр.

Сондай-ақ заң жобасы аясында депутаттар тарапынан жемқорлық құқық-бұзушылықтардың, әсіресе қор тарапынан лобби жасау, қосарлы қаржыландыру,

МӘСЕЛЕ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

А Айхан ШӘРІП

ҚҰМАРОЙЫН
БОСТАНДЫҚТАН
АЙЫРАДЫ

2025 жылғы 25 сәуірде Мемлекет басшысы «Кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау, ойын бизнесі және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Ақорданың түсіндіруінше, бұл жаңа заңмен «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы», «Ойын бизнесі туралы», «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңдарға түзетулер енгізілді.

Түзетулердің бірінші блогы денсаулық сақтау саласындағы жекелеген мәселелерді шешуге бағытталған. Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер кезінде амбулаториялық жағдайда берілетін мамандандырылған медкөмек аясындағы зерттеулер қолжетімсіз МӘМС жүйесінен алынып, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне ауыстырылды. Бірқатар түзету мүгедектігі жоқ науқастарды есту аппараттарымен қамтуды көздейді.

Екінші блок заң жобасында әу баста болмады, онысы Мәжілісте құжатты II-ші оқылымда қарау барысында қосылды. Тиісінше, заңның атауы өзгертілді. Оған сәйкес, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды ұялы байланыстың абоненттік құрылғылары, сондай-ақ онлайн-платформалар арқылы жарнама лауға тыйым салынды. Яғни, бұдан былай бірде-бір букмекер қазақстандықтардың ұялы телефонына немесе поштасына өз жарнамасын sms-пен, мессенджерлермен, хат-хабарламамен жолдай алмайды.

Букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды жарнама лау рұқсат етілген бұқаралық ақпарат құралдарының шеңбері тарылды, бұдан былай тек спорттық телеарналар мен спорт тақырыбына маманданған газеттер, сайттар ғана құмаройындардың жарнамасын бере алады.

«Ойын бизнесі туралы» заңына өзгерістер бойынша бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған немесе шартты түрде сотталған, пробациялық бақылауға алынған адамдардың да құмаройындарға, бәс тігуге қатысуына тыйым салынды. Егер казиноға бас сұкса немесе букмекерлік ойындарда ойнайтыны анықталса, бұл оның жазасының қатайтылуына, темір торға кері оралуына негіз болмақ.

60 күннен кейін ғана күшіне енетін кейбір нормаларын қоспағанда, Президент қол қойған жаңа заң 10 күннен соң, келесі аптада қолданысқа енгізіледі. Сенатор Айнұр Арғынбекованың түсіндіруінше, жаңа заңның қолданыстағы «Жарнама туралы» заңына енгізетін өзгерістері букмекерлік кеңселер (БК) мен тотализаторлардың жарнамасының таралу өрісін қатты шектейді.

— Нақтыласам, бұл заңнамалық түзетулер олардың онлайн-платформалардағы жарнамасы-

Қазақстанда заң мен тәртіпті күшейтетін кезекті қадам жасалды. Бар саланы, бар санатты жайлап, бассыз кеткен құмаройындарының өрісі бұрын-соңды болмаған деңгейде күрт шектелмек. Мысалы, балалар мен лудомандар ғана емес, сондай-ақ әскердегілер, сотталғандар да бәс тіге алмайды. Өйткені бұрын істі болған мыңдаған адам ары қарай ойнау үшін қарызға батқан. Бұл берешегі оларды тағы қылмыс жасауға итермелейді. Президент қол қойған жаңа заңның бұл бағытта тағы қандай жаңалығы бар?

ЖАРҒА ЖЫҒАР ЖАРНАМАҒА ТОСҚАУЫЛ БАР

на тыйым салады! Яғни, олар енді жарнамасын әлеуметтік желілер, интернет сайттар, YouTube, мессенджерлер және басқасы арқылы тарата алмай қалады. Сонда БК-лар мен тотализаторларға еліміздегі заңмен бекітілген құмаройын аймақтарының (Қонаев қаласы мен Шучинск — Бурабай курорттық аймағының) территорияларында, сондай-ақ осы компаниялардың ресми интернет ресурстарында ғана өз қызметін жарнамалауына рұқсат етіледі, — деді Айнұр Серікпайқызы.

Мұның сыртында БК мен тотализаторларға спорт іс-шарасын өткізу кезінде спорт құрылымдарында, стадиондарда үлкен экраннан, баннерлерден, баскасынан жарнамасын көрсетуіне тыйым салынбайды. Тек жарыс аяқталған соң алып тастауға міндетті. Тұтастай алғанда, осы саланы құқықтық реттеуді жетілдіру ойын бизнесінің халыққа теріс әсерін азайтуға үлес қосады әрі саланы мемлекеттік басқарудың тиімділігін жоғарылатады деп күтіледі.


ЖАУАПКЕРШІЛІК — ТАЛАПТЫҢ ТІРЕГІ

Сарапшылар сот шешімімен бостандығы шектелген немесе шартты түрде сотталған тұлғалардың құмаройындарға қатысуына қойылатын тыйымды маңызды санайды. Заңмен ойын мекемелеріне, букмекерлік кеңселердің кассаларына және тотализаторларға бару тәртібі мен ерекшеліктеріне толықтыру енгізіледі.

Бұл шаралар бірінші кезекте сол адамдарды қайталай қылмысқа барудан сақтауға септеседі. Себебі қылмыстық жазасын еркіндікте өтеу кезінде бәс тігумен әуестенсе, сол құмар ісін жалғастыру үшін қарыз-несие алуы, оны қайтару үшін қарақшылыққа, тонауға, ұрлыққа баруы мүмкін. Сондай-ақ бұл талап ойын бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.

Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев жаңа заңмен құмаройын ойнауға тыйым салынған категориялардың қатары ұлғайтылғанын түсіндірді.

— Мұны осы саладағы шектеулерді жалғастыру деуге бола-



ды. Біз жарты жыл бұрын мемлекеттік қызметкерлердің, сонымен қатар Қарулы Күштер қызметкерлерінің құмаройындарға қатысуына тыйым салдық. Жаңа шектеу шартты түрде бостандығынан айырылған, мерзімінен бұрын босап шыққан азаматтарға байланысты енгізілді. Қылмыстар рецидивін болғызбау үшін сотталған адамдардың құмаройынға салынуына тосқауыл қою маңызды. Ішкі істер министрлігінің дерегінше, қазіргі кезде осындай категорияға жататын 22 мың адам бар, — деді вице-министр.

Оның айтуынша, егер ойын бизнесінің субъектілері заң талабын елемей, тыйым салынған санаттардағы адамнан бәс қабылдаса, онда заңмен 300-ден 1 000 айлық есептік көрсеткішке (2025 жылы — 3 932 000 теңгеге) дейін айыппұл салынады. Осы орайда «Ойынды ұйымдастыратын компаниялар тыйым салынған адамдарды қалай біледі? Әрқайсысының құжаттарын тексере ме әлде анықтама сұрата ма?» — деген сауал туындайды.

Туризм және спорт министрінің орынбасары С.Жарасбаевтың айтуынша, осы ведомство ондай мәліметті Ішкі істер министрлігінің «Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі»

ақпараттық жүйесіне енгізіп жатыр. Ойынқұмар адам бәс тіккенде, өзінің жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізеді. Егер ол адамға шектеу қойылғаны туралы мәлімет ақпараттық жүйеде болса, ойын бизнесінің субъектісі дереу одан ставка қабылдаудан бас тартуға тиіс. Тыйымға қарамастан ойнауына рұқсат берсе, айыппұл салынады.

САУ, САНАЛЫ ЖАС — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Құмаройындарға, әсіресе жастардың, тіпті оқушылардың көптеп тартылуы қоғамның қабырғасына батады. Жас ұрпақты қорғап қалу үшін де құмаройындарының жаппай қамтитын насихатын шектеу ләзім. Вице-министр Серік Жарасбаев бұған дейін электронды казино мен интернет-казинолардың жарнамасына шектеу енгізілгенін еске салды. Енді букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамасына қатысты ұқсас норма енгізіліп отыр. Алайда атауында «bet» айқындауышы бар ұйымдар Қазақстан халқына арналған, тіпті қазақшаға аударылған жарнамаларын шетелдік ресурстарда, мысалы, онлайн кинотеатрларда орналастырады. Сонда қайтпек керек?

— Бұған тоспа құру жұмысын біз Цифрлық даму министрлігімен бірге «Киберқадағалау» ақпараттық жүйесін жүргізетін боламыз. Жүйе іске қосылды, біз оған интеграцияландық. Қазіргі кезде жүйе 21 мыңнан астам ресурсты әшкереледі. Оның жартысынан көбі дәл осы интернет-казино, букмекерлік кеңселердің заңсыз жарнамасына қатысты. Бұл тұрғыда заңды бұзғандарға контентіне және бұзушылық деңгейіне қарай 60-тан 400 АЕК-ке дейін айыппұл санкциялары қарастырылды, — деді Туризм және спорт министрінің орынбасары С.Жарасбаев.

Ол тағы қайталап айтты: букмекерлік кеңселердің жарнамасына келесі аптадан бастап тек қана спортқа маманданған телеарналарда, газеттер мен сайттарда, сондай-ақ спорттық іс-шараларда рұқсат етіледі. Қалғанының бәрінде, соның ішінде ғаламтордың Қазнет сегментінде, әлеуметтік желілерде, ақпарат құралдарында мұндай жарнамаға тоқтау салынады.

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының деректеріне сүйенсек, егер 2022 жылы 14—28 жас аралығындағы жастардың тек 1,2 пайызында лудомания белгілері байқалса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 17,8 пайызға жеткен. Кесепат ауқымы елде ары қарай өсіп барады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, кем дегенде 36 мыңға жуық азамат нашакор сияқты «ойынға тәуелді» ретінде тіркелген.

Сенатор Жанболат Жөргенбаев жаттан келген бұл кеселдің ұлтқа ары қарай таралуына тоспа құру үшін бірінші кезекте «уағызын», яғни жарнамасын шектеген маңызды екенін айтады.

«Қазақстанда жастардың өсіресе онлайн-ортада құмаройындарға тартылуы артып келеді. Букмекерлік кеңселер БАҚ-ты, негізінен телеарналарды, интернетті ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайды. Мысалы, бір ғана жыл ішінде БК-лар дәстүрлі медиада жалпы көлемі 8,5 миллиард теңгеге дейін жарнама орналастырған! Бұл жарнама жастардың құмаройындарға тартылуына қуатты әсер етті. Олай болса, жарнамасын шектеуге бағытталған түзетулер үлкен маңызға ие. Бұған қоса, жастар мен осал топтар арасында алдын алу және түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет», — деді сенатор.

Туризм және спорт министрлігінің тапсырысымен Qalam қоғамдық қоры зерттеу жүргізді. Оның қорытындысы төбе шашты тік тұрғызады: сауалнамаға қатысқан жастардың 40,5%-ы ойынқұмарлыққа шалдыққан болып шықты. Олар бар тапқан таянғанына онлайн бәс тігеді немесе лотерея сатып алады.

Быттыр Үкімет лудоманияға, құмаройындарға қарсы күрес бойынша кешенді жоспар бекітті. Оның шеңберінде жастар арасында лудоманияның алдын алу ұсынымдары әзірленді. Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері көмелетке толмаған жастардың құмаройынға, интернетке тәуелділігінің алдын алу жұмыстарын жүргізіліп жатқаны айтылды. Мысалы, жоғары сыныптарда осыған арналған сабақ жүйелі түрде айына екі рет өткізіледі. Бұған алда жарнаманы шектеу тетігі де қосылмақ.

ТҮЙТКІЛ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

САЛА СТАТИСТИКАСЫ
НЕГЕ СОЛҒЫН?

Жыл басында Ғылым және жоғары білім министрлігі өзге мемлекеттен келген 31 500-ден астам студент оқытыны туралы мәлімет таратты. Басым бөлігі — Азия елдерінің тумасы. «Бұл — қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығы өсіп келе жатқанын паш етеді. Біз Қазақстанды Орталық Азияның білім мен ғылым алмасу жөніндегі орталығы ретінде нығайтуға тырысамыз!» — деді министр Саясат Нұрбек 7 ақпанда, өз ведомствосының кеңейтілген алқа отырысында.

Сөз іспен қабысып жатса, бір ғанибет. Алайда Ұлттық статистика бюросы жоғары білімге қатысты «су жаңа» статистикасын жария етті. Оның дерегінше, 2024-2025 оқу жылында Қазақстанның барлық ЖОО-сында жалпы саны 624 469 студент оқып жатыр. Оның 596 011-і — Қазақстан азаматы. Тиісінше, 28 458-і ғана — шетелдік студент.

Статорган мәліметінше, қазір елде жалпы саны 242 798 студент мемлекеттік білім грантымен оқыса, соның 238 642-сі — қазақстандықтар. Яғни, өзге мемлекеттің 4 156 азаматы тегін оқиды. Басым көпшілігі — шетелдегі қандастардың баласы. Басқаша айтқанда, статистика мамандары елімізде 31,5 мың шетелдік студентті таба алмады. Алдыңғы 2023-2024 оқу жылында жоғары оқу орындарын 7 158 шетелдік студент бітіріп шықты. Салыстырсақ, Өзбекстанда 2024-2025 оқу жылында шетелдік студенттердің бүкіл саны 12,5 мың адамнан ғана асты.

Алайда бірнеше көрсеткіш бойынша Қазақстанның артта қала бастағаны алаңдатады. Біріншіден, республикада кейінгі үш жылда студенттер саны кеміген. Ал Өзбекстанда Статистика агенттігінің мәліметінше, соңғы 10 жылда олардың саны керісінше, 18 есеге көбейді. Екіншіден, жан басына шаққандағы шетелдік студенттер саны жөнінен Орталық Азияның лидері өзгерді, енді ол — Қырғыз Республикасы. Оның көрсеткіші 100 мыңдық межеге жуықтады.

Бір ғажабы, қырғыз ағайын бұл көрсеткіш жөнінен әлемдік көшбасшыға айналды. Мысалы, 342 млн тұрғыны бар АҚШ-та 21,6 млн адам ЖОО-ларда білім алады. «Open Doors 2024» есебінде айтылғандай, америкалық колледждер мен университеттерде білім мен мамандық игерген шетелдік студенттер саны рекордқа — 1,126 миллионға жетті. АҚШ Сауда министрлігі өзге елдерден келген студенттер бір жылда ел экономикасына ең кемі 50 миллиард доллар құйғанын мәлімдеді. Бұған оқу, баспана жалдау ақысы, тамақтануы кіреді.

Құрама Штаттарда әрбір 303 адамға 1 шетелдік студенттен келді. 145,9 млн адам тұратын Ресейде 4,3 млн студенттің 355 мыңы — шетелдік. Тиісінше, 411 адамға — 1 шетелдік студент. Өзгелерінде жағдай ұқсас. Халқы 7,2 млн адамды құрайтын Қырғызстанда ЖОО-ларда білімнен сусындаушы жастардың жалпы саны 221 мыңнан асты. Ал шетелдік студенттердің саны шамамен 85 мыңнан астам. Сөйтіп, Қырғыз Республикасында әрбір 85 тұрғынға 1 шетелдік студенттен келеді.

байланысының нығайғанын білдіреді. Бұған септескен басты фактор, әрине, Қырғызстанда жоғары білімнің қолжетімділігі, ақысының төмендігі. Мұның сыртында біздің ЖОО-лар ағылшын тілін білетін, жеке-бірегей оқу бағдарламасын әзірлеген креативті, тәжірибелі оқытушыларды өзіне тартуда жарысады, — деп жетістіктің құпиясын бөлісті қырғыз ғалымы.

Авазбек Атахановтың айтуынша, білім берудің интернационализациялануынан мемлекет те, оқу орындары да ұтады.

— Мемлекет бұл үрдісті жан-жақты қолдауы қажет. Бұл мәдени құндылықтар алмасуға, халықтар мен елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Шетелдік студенттер — достықтың елшілері, біздің елдің «жұмсақ күшін» таратушылар.

ШЕТЕЛДІК ШӘКІРТТІ ШЕТТЕТПЕГЕН ҰТАДЫ

Бүкіл әлемде шетелдік студенттерді тарту үшін ғаламат күрес жүріп жатыр. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бағалауынша, 2025 жылы әлемдегі барлық студенттің саны 150 миллионнан асты, соның ішінде жат жерде оқытыны — 8 миллионға дейін. Қазақстанда олардың саны 28 мыңға дейін азайған. Себебі неде? Шетелдік студенттерді көбейтуден елге қандай пайда бар?

ҮЙРЕНУ — ҮЗДІК БОЛУДЫҢ КІЛТІ

Осы жайтқа алғаш назар аударған дипломат, ұзақ жыл жоғары білім саласында еңбек еткен ғалым, экономика бағыты бойынша PhD докторы Авазбек Атаханов шетелдік студенттер санының көбеюі бірнеше жыл қатарынан жалғасып жатқан тұрақты тренд екенін айтады. Соның ішінде көршіде ТМД, Пәкістан, Үндістан, Қытай, Бангладеш, Шри-Ланка, Непал және араб елдерінен студенттер саны тез қарқынмен өсіп келеді.

Бұған не себеп? Біріншіден, ТМД елдері арасында оқу ақысы, баспана жалдау және тамақтану шығындары жөнінен Қырғызстан ең арзан елдердің бірі. Екіншіден, дамыған елдерден оқытушыларды, профессорларды көптеп тарту, рейтинг құрушы ұйымдардың сарапшыларын шақырып, талаптарын тап-тұйнақтай орындау арқасында жаһандық рейтингтерге кірген қырғыз ЖОО-ларының саны артты.

2024 жылы Қырғызстанның 6 университеті «QS Asia University Rankings 2025» азиялық ең үздік университеттер рейтингіне енді. 10 университеті Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палата құрған «Үздік ЖОО-лардың еуропалық тізіміне» кірді. Қырғызстандық КРСУ, «Манас» қырғыз-түрік университеті, Исхак Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті «QS World University Rankings 2025» жаһандық ең үздік университеттер рейтингінен табылды.

— Мұның бәрі қырғыз ЖОО-ларының халықаралық беделінің өскенін, Қырғызстанда қолайлы білім ортасының түзілгенін көрсетеді. Бұған қоса, статистика қырғыз жоғары білімінің әлемдік білім жүйесіне берік кіріккенін, өзге ғылым ордаларымен

Олар елдеріне оралған соң өз естеліктері, әңгімелері, кітаптары, еңбектері арқылы еліміздің бай тарихын, дәстүрі мен тілін таратады, дәріптейді. Шетелдік студенттің көбеюімен бірге идеялар, ғылыми жетістік алмасу күшейеді. Бұл елдің әлеуеті мен білім ресурстарына жаһандық жұртшылықтың назарын аудартады, — деді қырғыз ғалымы.

Қазақстандық ғалым-экономист Земфира Алямова да шетелдік студенттерді тартудың маңыздылығын атап өтті. Сол арқылы мемлекет әлемдегі дарынды, интеллектуалды, адами ресурстарды, жаңа ойларды, инвестицияларды, технологияларды өзіне тартады. Бұл туризмнің дамуына түрткі: ұзақ жыл оқуға кеткен шәкіртті көру үшін елге атанасы, туған-туыстары, достары қатынайды. — Шетелдік студенттер санын арттыру ЖОО үшін де тиімді. Халықаралық шәкірттердің басым көпшілігі ақылы бөлімде оқиды. Университет 3-4 жыл бойы оқу ақысы түрінде тұрақты табыс табады. Және тек экономикалық пайдамен шектелмейді, шетелдік студенттер ЖОО-да мультимәдени орта мен қолайлы білім атмосферасын құрады. Бұл жағдайда жергілікті жастар «өз сорпасында өзі қайнамай», халықаралық қарым-қатынас тәжірибесін игереді, коммуникативтік машығын жетілдіреді. Шетелдіктер кіретін командада жұмыс істеу біліктілігіне қол жеткізеді. Жат елден келгендермен араласу арқылы дүниетанымы кеңейеді, — деді З.Алямова.

Сондықтан үкіметтер мен университеттер арасында шетелдік студентті өзіне тарту үшін күрес күшейді. Дүниежүзілік банк сарапшыларының дерегінше, студенттік мобильділіктің өсуі 96% жағдайда елдің халықаралық саудасының және туризмінің өсуіне игі әсер етеді.

Мысалы, халықаралық қоғамдастық «жабық» ел қатарына қосатын Қытай шетелдік студенттерді мол тарту арқасында ғылымның барлық саласында технология алмасуды жолға қойды және «жұмсақ күшін» өрістетті. ҚХР университетін бітіріп, кейін өз еліне қандай да бір саланың тізгінін қолға алған, биліктегі биік лауазымға тұрған бұрынғы шәкірттер Қытайға көзі түзу болады, онымен серіктестікті жақтайды.

ЖАҒДАЙ ЖАСАСА,
ОҚУ «ЖЕРҰЙЫҒЫНА» АЙНАЛАДЫ

Шетелдік студенттердің көбеюі елді ғылыми мақалалар мен цитаталау бағытында

да ілгерілетеді. АҚШ беделді журналдардағы ғылыми ашылымдар туралы мақалалар саны жөнінен 1-орынды ешкімге бермей келеді. Алайда соның 28,5%-ын Америкадағы шетелдік білімді жастар әзірлеген немесе тең автор болған. Ұлыбританияда бұл көрсеткіш одан да жоғары: 44,4%.

Еуропада шетелдік студенттердің 12%-ы оқуын бітірген соң сонда қалады, елді дамытуға еңбек етеді. Олар реципиент елдің экономикасына елеулі үлес қосады. Ұлыбритания шетелдік студенттерден жыл сайын орта есеппен 2,8 млрд фунт стерлинг табыс табады, бұл ел ЖІӨ-сінің 0,1%-ы. Сырттан келген шәкірттерден түсетін табыстың 47%-ын — оқу ақысы, тағы 48%-ы — баспана жалдау шығыны. Шетелдік студенттер Лондондағы университеттер табысының 39%-ға дейінгісін береді. Шетелдік студенттер ашқан бизнес ұйымдары әртүрлі секторда 70 мыңнан астам жұмыс орнын құрған.

Қалауын тапса, Қазақстан да білім қуған жастар үшін «жерұйыққа» айнала алар еді. Отандық ЖОО-лар жасанды интеллект стандартын қабылдады: 20 жетекші университет 20 білім беру бағдарламасын әзірледі, бұл жасанды интеллект саласындағы жаңа мамандарды даярлауға негіз болады. Технология саласындағы көшбасшылармен, мысалы Coursera, Google, Nvidia, Huawei Technologies Kazakhstan, 01 Edu System сияқты компанияларымен стратегиялық серіктестік орнатылды. Бұл келісімдер студенттер мен оқытушыларға ең жаңа білім беру платформалары мен курстарды қолжетімді етті.

Шетелдік университеттер Қазақстанда өз филиалын ашып жатыр. Бүгінде 12 елдің 34 жоғары оқу орнымен стратегиялық серіктестік орнатылған. Ұлыбритания, Италия, Қытай, Ресей, АҚШ, Франция және Оңтүстік Кореяның 23 жетекші университетінің филиалы ашылды.

Қазақстандағы 28 мыңнан астам шетелдік студенттің үштен біріне жуығы немесе 9 345-і — Үндістаннан. Гуджарат штатының тумасы, 25 жасар Аарав медициналық университетте оқып жатыр.

— 2017 жылы анаммен бірге, Астанадағы EXPO көрмесіне келгенде, осында волонтер болып жүрген шетелдік жастармен танысып, Қазақстанда оқудың егжей-тегжейін білгенмін. Бізде жоғары білім қолжетімсіз. Анам Ресейдің елшілігінде істеген, мені орыс тіліне үйретті. Ресейге баруға батпадым, 2022 жылы Қазақстанға келіп, оқуға түстім. Мұнда халық қонақжай, көмек сұрасан қасына еріп жүріп, мәселенді шешіп беруге дайын, — дейді Аарав.

Ол алғаш келгенде «мәдени шоқты» бастан өткергенін, елін сағынғанын айтады: үндістандық тағамдарды дүкеннен де таба алмаған. Әйткенмен, бүгінде Үндістан мейрамхана-дәмханалары ашылып жатыр. Оқуын бітірген соң еліне оралып, оқыту қызметімен айналыспақ. Аарав — Сайни армиялық қолбасшылардың ауқатты әулетінен. Сондықтан Қазақстандағы бағаларды қолжетімді санайды.

Алайда сарапшылар шетелдік студенттерді көптеп тарту үшін оларды хостел, жатақхана-кампус түріндегі қолжетімді баспанамен, арзанда асханамен қамтудың маңызды екенін айтады. Сондай-ақ ағылшын тілінде оқыту бағдарламаларын көбейту, мұны мемлекеттік қолдау керек. ЖОО-лар ағылшын тілінде дәріс оқи алатын оқытушыларды жұмысқа алғаны жөн. Бұдан бөлек, талапкерді қабылдауда тек ҰБТ-мен шектелмейтін, емтихан қабылдап таңдайтын Назарбаев университеті сияқты оқу орындарының санын арттырған абзал. Шетелдік талапкер сондай-ақ әлемдік рейтингтерге, университеттің халықаралық жобалары, ғылыми жетістіктері мен серіктестік бағыттарына да назар аударады.

Бұдан өзге, көрші Ресей сияқты тікелей ата-аналармен жұмыс жүргізу қажет. Бұл бағытта қадам жасалды. Кеше, 2025 жылғы 2 мамырда Пәкістанның Исламабад қаласында отандық 11 жоғары оқу орны қатысқан Study in Kazakhstan көрмесі және Қазақстан — Пәкістан университеттер форумы өтті. Одан кейін қазақстандық делегация жергілікті оқышылармен және ата-аналарымен кездесті.

Елдос СЕНБАЙ

Таяуда Нархоз университетінде Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Жаһандық маңызы бар жиында Қазақстаннан өзге Германия, Ресей, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекетінен келген заң шығарушы, атқарушы және сот билігі өкілдері, халықаралық ұйымдардың сарапшылары мен ғалымдар бас қосты. Біріккен Ұлттар Ұйымының №16 Тұрақты даму мақсатына, яғни «Бейбітшілік, әділет және тиімді институттарды» ілгерілетуге, қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайында мемлекет пен қоғам арасындағы серіктестікті күшейтуге бағытталған кездесу жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылады.

Саяси ғылымдар докторы, профессор Гүлмира Сұлтанбаева конференция аясында мемлекеттік басқаруды цифрландырудан бастап, жасанды интеллект этикасы мен халықаралық тәжірибеге дейінгі өзекті мәселелер талқыланып, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарына арналған нақты ұсыныстар әзірленгенін жеткізді.

— Бүгінгі іс-шараға ғылыми қауым Қазақстандағы «Еститін

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ

мемлекет» атты тұжырымдаманы қолдау мақсатында жиналып отыр. Орталық Азия және Еуропа ғалымдарының басын қосқан жиында алғаш рет мемлекеттік органдар, соның ішінде заң шығарушы, атқарушы органдар мен олардың үкіметтік емес ұйымдармен, БАҚ өкілдерімен байланысы сынды келелі мәселелер талқыланды. Іс-шараның басты мақсаты да сол, ғылыми жиын аясында тиімді механизмдерді ұсыну. Конференцияда көтерілген маңызды проблемалардың қатарында Ұлттық құрылтайдың халыққа билік тарапынан қаншалықты жақындайтыны, мемлекет пен халық арасындағы диалог, жасанды интеллекттің қоғам өміріне енуі, электронды үкіметтің тиімді жұмыс істеуі сынды тақырыптар қамтылған. Қазіргі уақытта елімізде электронды үкіметтің жүзеге асырылып келе жатқанына 20 жылдан астам уақыт өтті. Әлемдік электронды демократия мен электронды үкімет рейтингінде Қазақстан жоғары позицияға ие, — деді Гүлмира Серікбайқызы.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Нархоз университетінің президенті Қанат Қожахметов халықаралық және ұлттық деңгейдегі бастамаларға университеттің елеулі үлес қосып отырғанын атап өте келе, конференцияда көпке жария болған тарихи оқиғаның құқықтың білім беру жүйесіндегі маңызы айрықша екенін негізге алды.

— Университет өзінің жылдар бойғы тарихында қоғам сұраны-



сына сай түрленіп, білім мен ғылымдағы өзгерістерге бейімделіп келеді. Уақыт талабына қарай жаңарғанымен, олардың басты міндеті өзгеріссіз қалды. Бұл дегеніміз — жастарға терең білім беріп, оларды рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Бұл қос мақсат — интеллектуалдық дамудың да, қоғамның тұрақты болашағының да негізі саналады. Біз бұл үдеріске белсенді қатысуды өзіміздің азаматтық әрі кәсіби міндетіміз деп санаймыз. Университеттің басты миссиясы — кәсіби мамандар даярлау арқылы азаматтық қоғамның дамуына серпін беру. Жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу университет үшін әрқашан басымдық болып қала береді. Біз азаматтық қоғамның білім мен көшбасшылық орталығына айналуымыз

тиіс. Бүгінгі конференция — осы бағыттағы нақты қадам, — деді университет президенті К.Қожахметов.

Ерекше атап өтетін жайт, іс-шара барысында жиынға қатысушылар тарихи оқиғаның куәсі болды. Конференцияда Нархоз университетінің БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша №16 Тұрақты даму мақсаты аясында жаһандық хабтың төраға орынбасары мәртебесін ресми түрде иеленгені жайлы хабарланды.

— Біз жаһандық деңгейдегі маңызды жаңалыққа куә болдық. Нархоз университеті БҰҰ-ның №16 Тұрақты даму мақсаты аясында жаһандық хабтың төраға орынбасары мәртебесіне ұсынылды. Университетіміз әлемнің 330 оқу орнының ішінде бейбітшілік, әділетті қоғам орнату,

тиімді институттарды қалыптастыру саласында өзіндік позициясымен танылды. Шынында, бұл — университет ішіндегі қарапайым жиын емес, тарихи тұрғыдан алғанда еліміз үшін маңызы зор іс-шара. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласының тұрақты даму мақсаттарының академиялық хабына айналу туралы ұсынысы биыл наурыз айында Нью-Йорктен ресми түрде қолдау тапты, — деді профессор Г.Сұлтанбаева.

БҰҰ Жаһандық коммуникациялар департаментінің өкілі, БҰҰ ҚР Ақпарат Бюросының басшысы Властимил Самек құттықтау сөзінде университеттің әлемдік хабтың төраға орынбасары мәртебесіне ие болуы — білім жүйесіндегі маңызы орасан жауапкершілік екенін жеткізді. Одан өзге Властимил Самек 2025 жылы 4 наурызда жарық көрген Алматыда БҰҰ Орталығын құру туралы бастаманың 152 мемлекет тарапынан қолдау табуы Орталық Азия үшін саяси-тарихи мәні бар жетістік екенін алға тартты.

Ғылыми жиында мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыру және ашықтықты арттыру, қоғамдық институттардың тұрақтылығы, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылдың құқықтық механизмдері сынды мәселелер ортаға салынды.

Конференция соңында ұлттық және мәдени құндылықтарды сақтау, сондай-ақ цифрлық этика мен гуманитарлық технологиялар арқылы мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді арттыруға бағытталған жаңа бастамалар ұсынылды. Нархоз университетінде өткен халықаралық басқосу — өңірлік тұрақтылық пен дамуға жол ашатын жаңа бет-бұрыстың көрінісі. Қазақстан мен Орталық Азия үшін маңызды бастамалар көтерілген жиын университеттің халықаралық ынтымақтастықтағы ролін айқындай түсті.



Жақында «Қазпошта» акционерлік қоғамының астаналық филиалында мерзімді басылымдарға жазылу науқанының басталуына орай «Баспасөзге жазылушылар күні» іс-шарасы өтті.

Республикалық және өңірлік газет-журналдардың басшылары мен өкілдері, сондай-ақ оқырмандар қатысқан іс-шараны ашқан «Қазпошта» АҚ астаналық филиалы директорының орынбасары Аслан Мәсекеев пошта қызметі мен мерзімді баспасөз редакциялары арасындағы

кәсіби әріптестіктің маңызын атап өтіп, алдағы уақытта да өзара байланыс жалғасын таба беретініне сенім білдірді.

Акционерлік қоғамның пошта және мемлекеттік қызметтер жөніндегі басқарушы директоры Дәулет Бекманов Қазпоштаның отыз жыл ішінде

МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

халыққа миллиардтан астам газет пен журнал жеткізгенін атап өтті. Ауыл тұрғындары да назардан тыс қалмайды.

— Жыл сайын біздің пошташылар мыңдаған шақырым жүріп, басылымдарды оқырмандарға жеткізеді. Ал сұрыптаушылар күн сайын ондаған мың газет-журнал данасын іріктейді. Жазылу процесін ыңғайлы ету үшін Қазпошта заманауи цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, өз қызметтерін жетілдіріп келеді, — деді Дәулет Бекманов.

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Виктор Пряников мерзімді басылымдар мен Қазпоштаның халықты ақпараттандыру жолында ортақ үлкен істі атқарып келе жатқанын атап өтті.

— Бүгінде интернет дәуірі үстемдік етіп тұрғанына қарамастан, біздің басылымдарымыздың таралымы әлі де айтарлықтай жоғары. Біз өз аудиториямыз үшін маңызды мемлекеттік жаңалықтармен қатар, қызықты оқырмандық материалдарды да ұсынып келеміз, — деді Виктор Пряников.

«Қазпошта» АҚ қалалық филиалының сату бөлімінің бас маманы Ляззат Қонақбаева елордадағы жазылу науқанына жауап береді. Оның айтуынша, Астана тұрғындары газеттер мен журналдарды белсенді түрде оқиды. Ол жазылуды пошта бөлімшелерінде де, QazPost қосымшасы арқылы да рәсімдеуге болатынын еске салды.

Астаналық поштаның кен залында «Егемен Қазақстан»,

«Казахстанская правда», «Ай-кын», «Литер», Turkistan, Astana aqshamy, «Вечерняя Астана» газеттері мен National Geographic Qazaqstan журналының арнайы сөрелері ұйымдастырылып, баспасөз өнімдері жұрт назарына ұсынылды.

Мерекелік жиын барысында мерзімді басылымдарға жазылған оқырманға редакция атынан сый-сияпат берілді.

Қазпоштаның баспасөз қызметінің хабарлауынша, республикалық басылымдарға жазылу науқаны 2025 жылдың екінші жартыжылдығына — 25 маусымға дейін, ал шетелдік басылымдарға 10 маусымға дейін жалғасады.

С.БЕГІМБАЙ

КӨЗҚАРАС

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

СЭБ деп отырғанымыз – бұрынғы СЭС. Яғни, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметі. Соңғы кездері әртүрлі қоғамдық орыннан, жиын-тойлардан инфекция жұқтырып, «осынша адам уланыпты» деген жаңалықтар жиі таралып жүр. Міне, осындай мекемелердің тазалығын, тамақтарының санитарлық талапқа қаншалықты сай екенін осы СЭБ тексереді. Бұрын санитарлық бақылау десе, мекеме басшыларының жүрегі зу етіп, сескенетін еді. Қазір СЭБ-те бос жұмыс орны көп, маман тапшы. Мемлекет басшысы да бұған дейін сала жұмысын реформалау мәселесін көтерген болатын.

А Көктем ҚАРҚЫН

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды күшейту мәселесі пандемия кезінде айқын көрінді. Сол уақытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әрбір дағдарыстың өз сабағы болады. Оны ескеру керек. Біз қазіргі дағдарыс пен пандемиядан сабақ алып жатырмыз. Шын мәнінде, соңғы жылдары санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесін дамытуға және оны қолдауға тиісті дәрежеде көңіл бөлінбеді. Әрине, оның белгілі бір себептері бар. Оны сіздер жақсы білесіздер. Біз қазір Денсаулық сақтау министрлігінің жұмысын қайта қалыптастырып жатырмыз. Қажетті реформалар жүргізілетін болады. Атап айтқанда, Бас санитарлық дәрігердің өкілеттігі күшейтіледі» деп санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүйесін реформалау мәселесі жайлы айтты. Осыдан кейін Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті негізінде Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (СЭБК) қайта құрылды. Бұл комитет Денсаулық сақтау министрлігінің құрамындағы құрылымдық бөлімше. Осылайша, елдегі санитариялық-эпидемиологиялық ахуалды бақылауға, жұқпалы және жұқпайтын аурулардың алдын алуға, қоғамдық денсаулықты қорғауға жауапты болды. Комитеттің облыстық, қалалық және аудандық деңгейде басқармалары мен департаменттері жұмыс істейді, олар да Денсаулық сақтау министрлігіне бағынышты.

ШАҒЫМДЫ НЕГЕ ҚАБЫЛДАМАЙДЫ?

СЭБ-тің қызметіне көңілі толмайтындардың бірі – астаналық Айгерім Имашова. Ол қыркүйек айында тойға барып деп сальмонелла инфекциясын жұқтырады. Өзі ғана емес, бір жастан енді асқан баласы да уланады. СЭБ-ке шағым түсіруге хабарласқанымен, олар Айгерімнің өтінішін жауапсыз қалдырыпты.

– Ауруханада 10 күндей ем алдық. Сол жерде біз барған мейрамханаға тойға барып, сальмонеллез жұқтырып жатқан бірнеше адам болды. СЭБ қызметкері бір рет хабарласып жағдайымызды білді. Кейін

бірнеше адам болып, мейрамханаға шағым түсірейік деп едік, «енбек демалысындамын» деп шағымды қабылдамады. Сол жердегі дәрігерлер де «қазір СЭБ 15-20 адам уланбаса, тексермейді» деді. Сонда тұтынушының пікірін ешкім ескермей ме? Бізден кейін де көп адамның ол жерге барып инфекция жұқтырғаны анық, – дейді Айгерім Имашова.

Сальмонелла инфекциясы – қоғамдық тамақтану орындарында жиі кездесетін бактериялық ауру. Инфекция көбіне ластанған азық-түліктен, әсіресе шикі немесе дұрыс термиялық өңделмеген ет, жұмыртқа, сүт өнімдері және лас су арқылы таралады. Ауруды дұрыс емдемесе, кей кезде ауыр асқынулар болуы мүмкін.

– Өтініштер мен шағымдарды қабылдау, тіркеу және қарау Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен реттелген.

Сонымен қатар Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабына сәйкес, зардап шеккен адамдардың санына қарамастан, сенімді негіздер және растайтын дәлелдемелер болған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары мен шағымдары бақылау объектіні жоспардан тыс тексеру үшін негіз болып табылады, – дейді Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Гүлнар Құсбекова.

Оның айтуынша, шағым міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Өтінішті қабылдаудан бастартуға тыйым салынады және ол келіп түскен күні тіркеледі. Егер өтініш жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын

уақыттағы кейінгі жұмыс күнімен тіркеледі. Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін, шағымды қарау мерзімі 20 жұмыс күнін құрайды.

– «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 42-1-бабында жедел ден қою шаралары, оның ішінде объектінің қызметін тоқтата тұру және оған тыйым салу көзделген.

Бұл шаралар жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған

ортаға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіретін бақылау объектісінің қызметі, өнімі, жұмысы, қызметі анықталған жағдайларда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау және қадағалау органдарының мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру барысында қолданылады, – дейді Гүлнар Құсбекова.

Комитет басшысының пікірінше, кәсіпкерлік кодекстің 143-бабына сәйкес мемлекеттік бақылау нысанасы болып саналатын талаптарды бұзу жедел ден қою шараларын қолдануға негіз болады. Ал талаптарды бұзу фактісі анықталған кезде объектінің қызметін тоқтата тұру туралы қаулы нысанында қадағалау актісі ресімделеді.



СЭБ-тен СЕНІМ

Мысалы, қоғамдық тамақтану объектілерінің қызметін тоқтата тұруға негіз болатын бұзушылықтарға жәндіктердің, кеміргіштердің және олардың тіршілік әрекетінің іздері жатады, ал тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектінің қызметіне тыйым салу үшін негіз болатын кейбір бұзушылықтарға – жарамдылық мерзімі белгіленбеген немесе мерзімі өткен тамақ өнімдерінің болуы, етке, жануарлар ет өнімдеріне ветери-

нариялық сәйкестендіру белгілерінің болмауы, байытылмаған (фортификацияланбаған) бидай ұнын пайдалану жатады.

САЛАДА МАМАН ТАПШЫ

СЭБ-тің селқос жұмыс істеуіне, саладағы маман тапшылығы да әсер етіп отыр. Радиобиология және радиациялық қорғау ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары Ерлан Қашкынбаевтың айтуынша, 2010 жылдары жаңа білім реформасы аясында, яғни Балон декларациясы процесіне қосылғаннан кейін «Медициналық-профилактикалық іс» пен «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім бағдарламалары біріктіріліп санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мамандары тек осы білім бағдарламасы аясында шығарыла бастады. Айта кетер болсақ, бұл білім бағдарламасы аясында гигиена және эпидемиология пәндерінің сағат саны айтарлықтай өзгеріске ұшырады, қысқарды. Жаңа білім реформалары бойынша студент өзінің болашақта жұмыс істеуі кезінде керек болатын пәндерді тандау арқылы, яғни тандау компоненті өзінің траекториясын құруы керек. Алайда қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына оқуға түскен



КӨЗҚАРАС

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

студент, негізінен қоғамдық денсаулық сақтау, менеджмент, статистика, тағы сол сияқты пәндерге көп көңіл бөледі де, гигиена және эпидемиология пәндері тасада қалды.

— Көптеген студент өз траекториясын қоғамдық денсаулық сақтау саласына бұрды. Алайда қоғамдық денсаулық сақтау мамандығын бітірген студенттер оқу бітіргеннен кейін жаппай санитарлық-эпидемиологиялық бақылау мекемелеріне жұмысқа тұрды, оқу процесінде негізінен басқа пәндерді таңдаған студенттердің санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық бойынша біліктілігі мен білім деңгейінің төмендеуіне алып келді. Жұмысқа алушылар санитарлық-эпидемиологиялық департаменттер қоғамдық денсаулық сақтау студенттерінің диплом қосымшаларына, яғни студенттің таңдаған траекториясына қарамай жұмысқа алды. СЭБ мамандарының жұмыс жағдайын жақсарту үшін біріншіден жалақысын көтеру және де СЭБ департаменттеріне тексерудегі шектеулерді алып тастау қажет, — дейді Ерлан Қашқынбаев.

Кезінде Алматыдағы медициналық институтта санитарлық-гигиеналық факультет болған. Кейіннен оны жауып, Қазақстанның орталық аймағы Қарағандыдағы мемлекеттік медициналық институтты ашты. Ол жер жылына 200 маманды дайындап отырды. Содан кадр тапшылығы болған жоқ. Жалпы, СЭС қызме-

нитариялық-эпидемиологиялық бөлім ашылды. Ол жерде дайындалып шыққан кадрлардың білімі төмен. СЭБ-ке сол бөлімді бітірген жас мамандар келіп жатыр. СЭБ-ке қойылатын талап негізі сол институттардағы кадр дайындаудан басталуы керек. Айлықтың аздығына, жұмыстың көптігіне байланысты жастар СЭБ-те жұмыс істегісі келмейді, — дейді Жұпар Нақанова.

Қазір қоғамдық денсаулық сақтау мамандығына жыл сайын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарын даярлау үшін 50 грант бөлінеді. 2025 жылы қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша 200 түлек жоспарлануда, оның 135-і мемлекеттік тапсырыс бойынша.

— «Медициналық-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша оқыту 2023 жылдан басталып, ол бойынша тек санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарын даярлау жүргізілуде. Бұл ретте 2023-2024 оқу жылдарына МПІ дайындау бағдарламасы бойынша 146 студент қабылдана, 2024-2025 оқу жылдарына 224 студент қабылданып білім алуға.

Бұдан басқа, 2025 жылғы қыркүйектен бастап «дәрігер гигиенист, эпидемиолог» біліктілігі беру республиканың барлық медициналық жоғары оқу орындарында (5 мемлекеттік және 2 жеке) іске асыру жоспарлануда, — дейді Санитариялық-эпидеми-

жекеменшік мекемелер жоғары жалақы ұсыну арқылы өздеріне жұмысқа алуға.

— Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мекемелерінің жұмысы соңғы он жылдықта орта және кіші бизнесті қолдау және қорғау шаралары, яғни ол нысандарды тексерулерге мониторинг жариялау және орта және кіші бизнес өкілдерін тексерулерге шектеулер қойылуына байланысты өз өзектілігін жоғалтты. Сонымен қатар қазір тексерулер жүргізу үшін СЭБ маманы тексеру актісін тіркеп, өзі және тексерілетін нысан иесі қол қояды және тексеру нысанына жоспарлы тексеру болса бір ай бұрын, жоспардан тыс тексерулерге 1 тәулік бұрын ескерту беріп, кейін ғана нысанға тексеруге шығуға құқығы бар. Бұл өз кезегінде тексерілетін нысанның барынша дайындалуына мүмкіндік береді, яғни күнделікті жұмыс барысында жасалатын қателіктерін жоюға мүмкіндік береді, — дейді PhD, қауымдастырылған профессор Ерлан Қашқынбаев.

Оның айтуынша, қандай да бір эпидемиологиялық жағдай туындағанда ол тамақтан улану болсын, ауруханашілік жұқпаның таралуы болсын, соны осы СЭБ мамандары кінәлі болады. Алайда ескерту арқылы тексеріп келген СЭБ маманы кіші және орта бизнес өкілдерінің толықтай дайындалған мекемесінен күнделікті жұмыс барысында болатын санитарлық эпидемиологиялық талаптардың бұзылуларын анықтай алмайды.



Себебі әлемдік тәжірибеде мұндай үрдіс бұрыннан бар. Атап айтсақ, Ресейде санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметін Роспотребнадзор (Ресей тұтынушылардың құқықтарын қорғау және адам саулығын қадағалау федералдық қызметі) атқарады. Бұл — Үкіметке тікелей қарайтын федералдық агенттік. Денсаулық сақтау министрлігіне бағынбайды. Агенттік жұқпалы аурулардың алдын алу, санитариялық нормаларды бақылау, тұтынушылар құқығын қорғау және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Құрамында өңірлік бөлімшелері мен ғылыми-зерттеу институттары бар. Агенттікке бағынышты ғылыми мекемелердің бірі — «Вектор» вирусология орталығы, ол COVID-19 вакцинасын жасаған. Ал Роспотребнадзордың басшысы Президент бұйрығымен тағайындалады. Көрші Өзбекстанда да СЭБ қызметі бірнеше жыл бұрын екіге бөлініп, агенттік болып ашылды. Ал Еуропа елдерінің көпшілігінде мұндай қызметтер денсаулық сақтау министрлігіне бағынышты, бірақ са-

агенттік. Ол жұқпалы және жұқпайтын аурулардың алдын алады, эпидемия кезінде әрекет етеді және ғылыми-зерттеулер жүргізеді. Елдегі қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі орталығы болып саналады.

Ұлыбританияда бұл қызметті Денсаулық қауіпсіздігі агенттігі (UKHSA) атқарады. Бұл — үкіметке қарасты, бірақ дербес жұмыс істейтін агенттік. Агенттік инфекциялық аурулар, биологиялық қауіптер мен пандемияларға қарсы іс-шараларды ұйымдастырады. COVID-19 кезінде басты үйлестіруші мекеме болды. Ал Оңтүстік Кореяда бұл қызметті Ауруларды бақылау және алдын алу агенттігі (KDCA) атқарады. Бұл — үкіметке қарайтын, бірақ тәуелсіз шешім қабылдайтын агенттік. Агенттік эпидемиямен күрес, вакцинация және эпидемиологиялық зерттеулермен айналысады. COVID-19 кезінде тиімді әрі жедел жұмысымен ерекшеленді.

— Америкада кез келген мекеме немесе қызмет көрсету орны СЭБ талаптарын қатаң түрде сақтайды. Ал елімізде бір асханадан адам уланса, ол жерді СЭБ барлық талапқа сай тексермейді. Өйткені кафелерде бүгінгі тамақты бірнеше күнге тоңазытқышқа қойып, тұтынушыларға сатады. Адам ағзасы сол тамақтан уланса, ағзаны инфекциялық ауруларға ұшыратады. Америкада бүгін желінбей қалған тамақты бірден утилизацияға жібереді. Бармақ басты, көз қысты деген жоқ, — дейді медицина ғылымдарының кандидаты Жұпар Нақанова.

Ендеше СЭБ-ті кінәламас бұрын осы саладағы проблемаларды да ескеруіміз керек. Егер СЭБ дамыған елдердегідей тәуелсіз агенттік ретінде қайта құрылса, қоғамдық орындарда санитарлық талаптарды сақтар еді.

КЕТТІ МЕ?



Бұрын Қарағанды қаласында арнайы санитарлық факультет болатын. Сол оқу ордасынан білім алған мықты мамандар қазір еліміздің әр жерінде СЭБ-ті басқарып отыр. Олардың қазметіне айтар сын жоқ.



тіне байланысты 15-ке жуық мамандық бар. Медицина ғылымдарының кандидаты Жұпар Нақанованың айтуынша, Қарағандыдағы баяғы факультетті ашып, дәрежесін көтеру керек. Тіпті, Қарағандыдағы академиядан санитарлық-гигиеналық институтты неге ашпасқа? Бұл оқу орнының базасы өте мықты, әлі күнге сақталып қалған.

— Бұрын Қарағанды қаласында арнайы санитарлық факультет болатын. Сол оқу ордасынан білім алған мықты мамандар қазір еліміздің әр жерінде СЭБ-ті басқарып отыр. Олардың қазметіне айтар сын жоқ. Ал кейінгі уақытта медициналық институттарда са-

ологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы.

Комитет басшысы Гүлнар Құсбекова да санитариялық-эпидемиологиялық бейінді мамандарға тапшылық сезілетінін айтты. Себебі жалақының төмендігі (СЭС қызметкерлерінің орташа жалақысы 282 700 теңге), әлеуметтік қолдау пакетінің жоқтығы (қызметтік үй-жайдың, көтермелеу ақысының болмауы).

СЭБ ТЕКСЕРСЕ ДЕ, ТЕКСЕРМЕСЕ ДЕ КІНӘЛІ

Соңғы уақыттарда СЭБ мекемелерінен білікті мамандардың ағылып кетуінің тағы бір себебі, жалақы мәселесі деп жоғарыда айттық. Яғни, білікті мамандарды

Бұл өз кезегінде кейінгі кезде жиілеп кеткен тамақтан уланулар немесе басқа да жайттарға алып келеді. Қазір СЭБ мамандары аурудың, уланулардың алдын алу емес, салдарымен күресуде.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ҚАНДАЙ?

Медицина сарапшылары СЭБ-тің қызметін жандандыру үшін оны министрліктен бөліп, дербес агенттік ретінде құруды ұсынып отыр.




лыстырмалы түрде дербес жұмыс істейтін агенттік түрінде ұйымдастырылған.

АҚШ-та санитариялық-эпидемиологиялық қызметті Ауруларды бақылау және алдын алу орталығы (CDC) атқарады. Бұл — денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер департаментіне қарайтын федералды

КӨКЖИЕК

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Театр – тірі организм. Егер актер ізденбейтін болса, сахна да оны бірте-бірте сыртқа ысырады. Ал түрлі эксперименттен қашпайтын, ізденімпаз өнер адамының сүйікті орны – театр лабораториясы. Мұнда дәстүрлі театр-дан гөрі тереңірек көркем және педагогикалық ізденістерге мән береді. Шетелдегі театр лабораторияларының дамуы ХХ ғасырдың басынан бастау алды, әсіресе Еуропада және АҚШ-та кеңінен таралды.



такльдің негізінде адамның өміріндегі күрделі кезеңдер, уақытты өткізу мен өзара қарым-қатынастардың маңыздылығы туралы ойлар айтылды. Жас актерлер мен шығармашылық ұжымның сахнадағы үйлесімді жұмысы театр өнеріндегі жана ізденістерді көрсетті.

Қаллеки театр лабораториясының шығармашылық жұмыстарының бірі — 2024 жылы сахналанған «Войцек» спектаклі. Георг Бюхнердің классикалық шығармасы негізінде сахналанған бұл қойылымда режиссер Ұлан Қабыл актерлердің ішкі жан дүниесін терең ашып, олардың психологиялық күйзелістерін көрсетуге зор көңіл бөлді. Актерлердің ойындары, қозғалыс пен пластиканың үйлесімі, драмалық тұстардағы эмоционалды тереңдік спектакльді ерекше қызықты етті. Режиссер Ұлан Қабылдың шеберлігі мен актерлер ойынының үйлесімі сахнада шынайы

жанрларды, музыкалық шығармашылықтарды таныстырып, актерлік өнер мен музыканы біріктірудің тамаша үлгісін көрсетті. Avenue-дің құрылуына актер-композитор Олжас Дәлелхан мен музыкант Сұлтан Ықыластың шығармашылығы себеп болды. Бэндтің шығармашылығы сахнада жана динамиканы тудырып, театр мен музыка арасындағы шекараны бұзуға мүмкіндік берді. Бұл бастама актерлер мен музыканттардың ынтымақтастығын нығайтып, театрдың жаңа шығармашылық бағыттарын таныстырды. Музыка мен театрдың органикалық тоғысуы — Avenue

ЛАБОРАТОРИЯДАН БАСТАЛҒАН ІЗДЕНІС

Қазір театр өнері жана серпін алып, түрлі бағыттағы эксперименттік лабораториялармен толыққан кезеңге қадам басты. Бұл құбылыс режиссерлер мен драматургтердің сахнада тың формалар мен заманауи тәсілдерді іздеуімен тығыз байланысты. Қазақстанда бұл үрдіс, әсіресе Алматы мен Астана театрларында айқын байқалады. Мұндай шығармашылық лабораторияларда кәсіби режиссураға қадам басып келе жатқан жас актерлердің алғашқы режиссерлік жұмыстары сахналануда. Олар дәстүрлі театр тілін заманауи көркемдік шешімдермен ұштастырып, көрерменге жаңаша көзқарас ұсынуға талпынады. Бұл — шығармашылық шеберлікті шындайтын, режиссерлік қолтаңбаның қалыптасуына жол ашатын маңызды алаң.

Жас актерлер мен режиссерлердің шығармашылық әлеуеті мен кәсіби деңгейінің өсуі олардың өзара ынтымақтастығы мен жана жобаларға деген ұмтылысын арттырып, театр өнерінің жаңа үлгілерін қалыптастыруға ықпал етуде. Бұл үрдіс елордада орналасқан Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Qalleki Театрлабораториясында да бар. Лаборатория өз жұмысын 2021 жылы бастап, жастарға театрда шығармашылық еркіндік беретін алаңға айналды. Мұнда жас актерлер мен режиссерлер өздерінің идеяларын жүзеге асырып, жаңа концепциялар мен тәсілдерді сахнада қолдануға мүмкіндік алады. Лабораторияның басты мақсаты — театрды жаңғырту, жас актерлер мен режиссерлердің шығармашылық жолын қолдап, оларды кәсіби тұрғыдан дамыту. Осылайша, Қаллеки Театр лабораториясы қазақ театрында жаңа дәстүрлер мен шығармашылық бағыттарды қалыптастырып жатыр.

Қаллеки театр лабораториясының жұмысы қазіргі театрдағы жаңашылдықтың көзі және жастардың эксперименттік процестерінің маңызды бөлігіне айналды. Театрымыздың актерлері шығармашылық еркіндікке ғана ие болмай, жыл сайын кәсіби шеберліктерін артырып келе жатқанын байқаймыз. Бұл жерде актерлік шеберлік пен режиссура өзара тығыз байланыста, мұндағы жұмыстың әрбір кезеңі жаңа тәжірибелер мен әдістерді үйренуге мүмкіндік береді. Лабораторияның алғашқы жұмыстарының бірі Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» спектаклі, қоюшы ре-

жиссері Бәзіл Сұлтанғазы. Бұл спектакль — актерлердің ішкі сезімінен туған шынайы эмоцияға құрылған психологиялық драма. Көрерменге адамның ішкі күйзелісін және жан дүниесінің күрделілігін көрсеткен. Режиссер Бәзіл Сұлтанғазының қойылымындағы актерлік шеберлік пен шығармашылық ізденістер көрерменді өзіне тартып, театр өнеріндегі жаңа бағытты сезіндірді.

2023 жылы сахналанған «Кешкі 7...» спектаклі де Қаллеки театр лабораториясының маңызды жұмыстарының бірі болды. Бұл қойылымда жас актерлер өздерінің авторлық әндері мен өлеңдерін орындап, көрерменге махаббат туралы оқиғаларымен бөлісіп, спектакльді әнмен сүйемелдеді. Актерлік элементтердің үйлесімі спектакльдің көркемдік деңгейін арттырып, сахнада үлкен әсер қалдырды. Спек-

көріністер мен әсерлі эмоциялар тудырды.

Қаллеки театр лабораториясындағы жұмыстардың бір ерекшелігі — жас актерлердің кәсіби деңгейін жоғарылату мақсатында халықаралық тәжірибе алмасу мүмкіндігі. Лабораторияның мүшелері өз білімдерін арттыру үшін Мәскеу қаласына барып, арнайы дәрістер мен шеберлік сағаттарына қатысты. Бұл жастардың кәсіби дамуына ықпал етіп, оларды жаңа әдіс-тәсілдер мен техникамен таныстырды. Лабораториядағы жұмыстардың нәтижесі ретінде сахналанған спектакльдер мен шығармашылық тәжірибелер театр өнеріне жаңа серпін берді.

Қаллеки театр лабораториясындағы тағы бір ерекшелік — театр актерлері мен музыканттарының бірігіп құрған Avenue бәнді. Бұл бәнд театр сахнасында жаңа



ұжымының басты ерекшелігі. Жас музыканттар мен актерлердің өзара бірлескен жұмысы театр кеңістігін кеңейтіп, көркемдік ізденістердің жаңа көкжиегін ашып отыр.

Қорытындылай келе, Қаллеки театр лабораториясы театр өнерінде жаңа көзқарастар мен шығармашылық ізденістердің көшбасшысына айналуға жаңа деңгейге көтерілуіне зор ықпал етуде. Лаборатория шеңберінде жүзеге асырылып жатқан жобалар мен жаңа спектакльдер, актерлік эксперименттер мен музыкалық қойылымдар жаңа формалардың дамуына және заманауи бағытта өсуге септігін тигізіп келеді. Әсіресе, театр ұжымындағы синтезді өнер түрлерінің тоғысуы, яғни актерлік ойын мен музыкалық орындаушылардың үндесуі жаңа театралдық екпінді қалыптастырып, көрерменмен байланысты жаңа деңгейге көтеріп отыр.

Сонымен қатар әрбір актердің белгілі режиссерлермен жеке шығармашылық жұмыстары мен шеберлік сабақтарының өтуі олардың кәсіби дамуын жүйелі түрде әсер етуде. Бұл процесс актерлік шеберлікті шындай отырып, ұлттық сахна өнерінде тұлғалардың қалыптасуына жол ашатыны анық.

Осылайша, Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының Қаллеки театр лабораториясы — қазақ театр өнеріндегі жаңа эстетика мен шығармашылық серпіннің бастауы. Бұл ұжым театр өнеріндегі қазіргі заманның сұранысына сай жаңа көзқарастарды жүзеге асырып, ұлттық сахнаның болашағын айқындаушы жетекші күшке айналып келеді. Қазір театр лабораториясы Б. Брехтің «Кавказдағы борлы шеңбер» пьесасының желісі бойынша қойылатын «Шеңбер» атты эпикалық драманың премьерасына қызу дайындалуда. Премьераның режиссері Ұлан Қабылға сәттілік тілейміз!

Айгерім ХАЙРБЕГ,
театртанушы



АЙМАҚ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Биылғы құрылтай бел ертеңін еселейтін еңселі бастамаларға арқау болды. Соның ішінде Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда қаузаған маңызды мәселелері қатарында білім саласының жай-күйі де назардан тыс қалмады.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жалпы, бұл жолғы жиын бұрынғысына қарағанда өзгеше өрнекте өрбіді деп айтуға толық негіз бар. Көкше төрінде өткен келелі кеңесте Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім саласындағы тәрбие, білім беру мен ұлттық құндылықтарға негізделген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мән-маңызына баса тоқталып өткені мәлім. Соның ішінде кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғырту қажеттігін ерекше атап өтті. Мұның бастамасы ретінде биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланғанын мәлімдеді. Бұл тұрғыда Сыр өңірінің білім саласындағы серпіліс қандай?

Кейінгі жылдары аймақтың білім саласында көпті алаңдатарлық мәселелер бой көрсетіп қалып жүр. Жетістіктер де жоқ емес. Дейтұрғанмен, әлі де атқарылуы тиісті жоспарлы жұмыстардың ауқымдылығы көз қуантады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында «Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды» екендігіне тоқталған еді. Соның негізінде Сыр аймағында кәсіптік



КӘСІПТІК БІЛІМ – КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ КЕПІЛІ

20 341 студенттің 4 890-і жұмысшы мамандығы бойынша білім алып жүр.

«Нақты кезеңде «Жұмысшы мамандықтар жылын» өткізу бойынша облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, аймақтағы кәсіптік білім беру саласын трансформациялаудың жол картасы қабылданды. Биыл техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында даярланатын мамандықтарға профилизациялау жұмыстары жүргізіліп, бірнеше оқу орындарында қатар даярланатын мамандықтар мен біліктіліктер бойынша мемлекеттік лицензиялар кері қайтаралатын болады. Осы орайда мәлімет ретінде айтар болсам, өткен 2023-2024 оқу жылында 9 колледждің 38 мамандығы бойынша 52 біліктілік лицензия қосымшалары қайтарылды.



біліктілігі, «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», «Шаштараз ісі», «Тігін ісі», «Автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету» сынды көптеген мамандықтар бойынша оқып жүр.

Баскарма басшысы биыл облыстағы 8 колледждің мамандық даярлау бағытына сәйкес келмейтін 21 мамандықтың 31 біліктілігі нақтыланып, лицензия қосымшалары кері қайтарылатынын тілге тиек етті. Сонымен бірге колледждегі білім сапасына байланысты оқу орындарының рейтингі қалыптастырылып, жыл сайын бағалау жұмыстарын жүргізетінін жеткізді. Бұл бірінші кезекте оқу орындарының бәсекеге қабілетті кадрлар даярлаудағы әлеуетін айқындайтынын айтып отыр.

«Бүгінде колледждердің рейтингісін анықтауға байланысты Оқу-ағарту министрлігі тарапынан арнайы әдістемелік нұсқаулық жобасы әзірленіп жатыр. Сонымен қатар алдағы оқу жылы оқу орындарының халықаралық салалық білім

беру стандарттары бойынша бітірушілерді сертификаттау, жұмысқа орналастыру көрсеткішін арттыру шаралары жүргізіледі. Оның негізгі мақсаты – колледждерге енгізілген дуальды оқыту жүйесі арқылы бітірушілерді кәсіпорындар мен мекемелерге тұрақты жұмысқа орналастыру болып табылады. Негізінен, бітірушілердің жұмысқа орналасу көрсеткіші мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының ақпараты негі-

тіруші 200 түлекке тұрақты жұмысқа орналасуы үшін арнайы жолдама берілу де қарастырылған.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша студенттердің оқуға қабылдау санын арттыру, шетелдік оқу орындары, ірі кәсіпорындармен екіжақты әріптестік байланыс орнату, жана технологияларды пайдалана отырып кадрлар даярлау, шәкіртақыны 50 пайызға арттыру, кәсіптік білім



беру саласындағы көрсетілетін 8 мемлекеттік қызметті электронды форматқа ауыстыру сынды толымды тірліктер атқарылып жатқанын мәлімдеді.

Елімізде жаңа мамандықтар ашу үшін колледждердің материалдық-техникалық базаларын қайта жабдықтау, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындап тұрғаны жасырын емес. Соған орай баскарма тарапынан алдағы міндеттерді сұрадық.

Бұл ретте өңірдің Білім басқармасына қарасты 15 мемлекеттік колледждің төртеуіне күрделі жөндеу, 1 колледжге қосымша құрылыс жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап тұрғанын жеткізді.

«Бүгінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін колледждер бойынша жоба сметалық құжаттарын әзірлеуге қажетті 36,4 млн теңге қаржыға облыстық бюджеттік комиссияға өтінім берілді. Сонымен бірге «Жас маман» жобасы аясында 2020-2021 жылдары 9 колледждің материалдық-техникалық базалары республикалық бюджеттен бөлінген 2,7 млрд теңгеге заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Осы жобаның жалғасы ретінде алдағы уақытта қалған 4 колледждің оқу-өндірістік шеберханаларын жергілікті бюджет есебінен жабдықтау жоспарлануда. Сонымен қатар мемлекеттік колледждерді ірі кәсіпкерлерге сенімгерлік басқаруға беру жұмыстары қолға алынуда», – деп түсіндірді баскарма басшысы.

Елімізде жаңа мамандықтар ашу үшін колледждердің материалдық-техникалық базаларын қайта жабдықтау, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындап тұрғаны жасырын емес. Соған орай баскарма тарапынан алдағы міндеттерді сұрадық.

зінде анықталып келеді», – дейді өз сөзінде баскарма басшысы.

Биылдан бастап бітіруші курстардың кәсіпорындар базасындағы оқу-өндірістік іс-тәжірибеден өтуі туралы ақпаратты «Еңбек KZ» электронды порталына енгізу көзделіп отыр. Бұл түлектердің практикадан өтуімен қатар тұрақты жұмысқа орналасуына өз ықпалын тигізеді деген жоспар бар. Сонымен қатар 2025 жылы колледждерді үздік бі-

жеткен бөлінген 2,7 млрд теңгеге заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Осы жобаның жалғасы ретінде алдағы уақытта қалған 4 колледждің оқу-өндірістік шеберханаларын жергілікті бюджет есебінен жабдықтау жоспарлануда. Сонымен қатар мемлекеттік колледждерді ірі кәсіпкерлерге сенімгерлік басқаруға беру жұмыстары қолға алынуда», – деп түсіндірді баскарма басшысы.

Жалпы, Сыр өңірінде «Жұмысшы мамандықтар жылында» техникалық және кәсіптік білім беру саласы бойынша бірқатар ауқымды шараларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Бұл жұмыстардың әрбірі кәсіптік білімнің көкжиегін кеңейтіп, кемел келешегіміздің кепілі болатынына зор сеніммен қарайды.



білім беру саласын дамытуға үлкен мүмкіндік беріліп отырғанына мамандар сенімі зор.

Қызылорда облыстық Білім басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгінде өңірде 28 колледж жұмыс жасайды. Оны ішінде 19 колледжде 45 мамандық 49 біліктілік бойынша жұмысшы кадрлар даярлауды жүзеге асырып келеді. Соның аясында аймақта оқып жатқан

Мұндай жұмыстар биылғы оқу жылында да өз жемісін береді деген сенімдемін», – дейді бұл жайында Қызылорда облыстық Білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов.

Қазір Сыр өрендері Қызылорда қаласы мен аудандардағы колледждерде білімін шыңдауда. Атап айтқанда, «тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», «тігінші», «техник-технолог»

АЛАҢ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

— Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне берілетін субсидияның орнына 5 пайызға дейінгі несиесі беру ауыл шаруашылығын дамыта ала ма?

Бағлан АЙМЫРЗАЕВ,
ҚР АШМ Мал шаруашылығы
департаменті директорының
орынбасары:



— Мемлекет басшысының 2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында агро-өнеркәсіптік кешендерді тікелей субсидиялаудан қолжетімді несиелеумен қамтамасыз етуге біртіндеп ауысу аса маңызды міндет екені нақтылап көрсетілген.

2024 жылы бес пайызбен жеңілдікті несиесі өнімдерін енгізу алғаш рет аграрлық шаруашылықтарға қажетті тауарлық-материалдық құндылықтарды толық көлемде сатып алуға, сонымен қатар ауыл шаруашылық техникаларын жылдық бес пайыздық қолжетімді сыйақы мөлшерлемесімен лизингке алуға мүмкіндік берді. Соның арқасында 5,0 миллион гектардан астам аумаққа қаржы бөлінді, ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды.

Былтыр жеңілдікті лизинг бағдарламасын жүзеге асырудың арқасында ауыл шаруашылығы техникасы паркі біршама жаңартылып қалғанын атап өткен жөн. Көктемгі дала жұмыстарына қарыз сомасынан 85 пайыз мөлшерінде кепілдендіру бағдарламасын енгізу есебінен кепілдік базасы жеткіліксіз фермерлер қолжетімді несиесі алуға мол мүмкіндіктер ұсынылды. Биылғы жылы барлық аталған бағыттар бойынша жұмыс барынша күшейтілді.

Атап айтқанда, көктемгі дала жұмыстары мен егін орағына жеңілдікті несиелеу көлемі биылғы жылы 700 миллиард теңгеге жетті. Бұл қаражат фермерлерге 6 түрлі бағытпен қолжетімді түрде ұсынылып келеді. Бұл аграрлық несиесі корпорациясының, сонымен қатар екінші деңгейлі банктердің, шағын қаржы ұйымдарының, өңірлік инвестициялық орталықтардың, несиелік шаруашылықтардың, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың тікелей түрде берілетін несиелері екенін атап өткен жөн.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, еліміздің барлық өңірлерінде 2025 жылы егістік науқанын ерте қаржыландыру үшін өтінімдерді қабылдау 2024 жылдың 29 қарашасынан басталды.

Қазіргі уақытта көктемгі дала жұмыстары мен егін орағына жеңілдікті несиелеу шеңберінде жалпы сомасы 461 миллиард теңгеге 6,8 мың өтінім қабылданды.

Қарыз сомасынан 85 пайыз мөлшерінде кепілдендіру бағдарламасын жүзеге асыру да одан әрі жалғасып келеді. Қазіргі таңда қаржыландырудың жалпы сомасы 135,9 миллиард теңгеге 777 кепілдік берілді.

200 миллиард теңгеге жеңілдікті лизинг ұйымдастыру отандық өндіріс ошақтарына 6 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға мүмкіндік берді.

Бүгінде өтінімдердің жалпы құны 104,7 миллиард теңге сомасында 4 мың бірлікті

Ел экономикасының ең басты драйверінің бірі – ауыл шаруашылығы екені даусыз. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саланы дамыту, қаңырап қалған ауылдардың тіршілігіне қан жүгірту, ішкі және сыртқы нарықта отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру – бүгінгі ауыл шаруашылығы саласының дамуына тікелей байланысты. Әсіресе, мал шаруашылығының жағдайын жақсартып, тұқымын асылдандыру, қолда бар малдың санын көбейтуде кейбір келеңсіздіктерден арылту аса үлкен еңбек пен жауапкершілікті талап етеді. Түйткілді мәселелердің түйінін тарқатуда мемлекеттік бағдарламалар мен жаңадан қолға алынған нақты жобалар толымды нәтижесін бере алды ма? Жылдар бойы бюджеттің бүйірінен бөлінген миллиардтаған қаражат ауыл шаруашылығының адымын ашуға әсер етті ме? Толғандырған сауалдарды ауыл шаруашылығы мамандары, сарапшылар мен салаға жауапты министрліктерге қойған едік.

құрап, 2 409 бірлік ауылшаруашылық техникаларын жеткізуге лизинг келісімшарттары жасалды. Өтінімдерді қарастыру әлі де жалғасып жатыр.

Мұнымен қоса, отандық қайта өңдеу зауыттарының жүктемелерін ұлғайту бойынша міндеттер шешімін тапты. Жаңа тетік өсімдік шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарын сатуды да қамтамасыз етпек. Былтыр бұл мақсатқа жылдық бес пайыздық мөлшерлеме бойынша 35 миллиард теңге бағытталды.

Биыл жалпы сомасы 40 миллиард теңгеден астам айналым қаражатын толықтыруға қайта өңдеу кәсіпорындарын жеңілдікті қаржыландыру бойынша бағдарламаны жүзеге асыру жалғасатын болады. Аталған шаралар отандық қайта өңдеу зауыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беріп, оларды ауылшаруашылық шикізаттарын сатып алу маусымында қажетті жеңілдікті қаражатпен қамтамасыз етеді.

Жалпы, бұл шаралар фермерлерді көктемгі егіске әзірліктен бастап егін орағына дейінгі ауылшаруашылық циклінің барлық кезеңдерінде қолдауға бағытталып отыр.

Биыл министрлік «Аграрлық несиесі корпорациясы» акционерлік қоғамымен бірлесіп фермерлерге бес пайыздық мөлшерлеме бойынша қолжетімді болатын 50 миллиард теңге мөлшерінде айналым қаражатын толықтыруға мал шаруашылықтарын жеңілдікпен несиелеу бағдарламасын іске қосу мәселесін қарастырған.

Жоғарыда аталған барлық қаржыландыру бағдарламалары субсидияға өтінім беру қажеттілігінсіз және жылдық таза 5 пайызбен аграрлық шаруашылықтарды тікелей несиелеуді қарастырады. Бұл фермерлік қауымдастықтарға қолданыстағы мемлекеттік қолдау тетіктеріне қолжеткізуді айтарлықтай жеңілдетеді.

Бахтияр ӨТЕЛБАЕВ,
Қазақтың ақбас тұқымы республикалық
палатасының атқарушы директоры:



— Менің ойымша, жоқ. Жалпы, әлемде ауыл шаруашылығына субсидия бар. Тікелей мүмкін көрсетпеуі де мүмкін. Бірақ біз

Еуропа елдері бір гектар жер үшін де субсидия алатын білеміз. Несие дегеніміз – банктен қарызға ақша алу. Бірақ біздің ауылдағы қарапайым шаруаларда кепілге қоятын мүліктері де жоқ. Банктер ауылдағы егін және мал шаруашылығымен айналысуға ниетті адамдардың жерін мен баспаналарын, басқа да дүние-мүліктерін өте

қоятын мүліктері болмаса, біреулері несиесіне белшесінен батып қалған. Ал субсидияны белгілі бір өнім өндіретін және ережелегі талаптарға сәйкес келетін барлық шаруашылықтар ала алады. Тиісінше, барлық ауылшаруашылық тауар өндірушілерін барынша жеңілдікті несиесімен қамтамасыз ету үшін мәселені тереңірек шеше түсу қажет. Яғни, кепілге қоятын мүліктің неге жетіспейтінін қарастыру керек. Олардың не себепті несиесі ала алмай отырғанын, неліктен несиесіне белшесінен батып кеткені анықталуға тиіс.

АУЫЛҒА ЕЛГЕ



арзан бағаға есептейді. Мұнымен қоса, көптеген шаруалар несиесі алып тастаған. Яғни, несиесіне белшесінен батып отыр. Ал оны кім тексерді? Бес пайыздан несиесі беру бұл әрине жақсы бағдарлама. Бірақ енді нарықтық экономика болғандықтан, бізге шектеулер қойылып жатады. Өнімді ертең қай жерге сататынын да ойластыру керек. Бұл да ертең аса үлкен мәселе болатыны сөзсіз. Сол себепті мұнда қосымша нарықтарды ашу керек. Қай елдерде сатуға болады? Оның бәрі анықталуы тиіс. Өйткені экспорттық әлеуетіміз өте үлкен. Осылардың бәрін ескеруі қажет деп ойлаймын.



Қазіргі уақытта көктемгі дала жұмыстары мен егін орағына жеңілдікті несиелеу шеңберінде жалпы сомасы 461 миллиард теңгеге 6,8 мың өтінім қабылданды.

Максұт БАҚТЫБАЕВ,
SC Food жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің басшысы:



— Бұл субсидия мен жеңілдікті несиелер екеуі екі түрлі, мемлекеттік қолдаудың екі бөлек түрі болып есептеледі. Олар бірін-бірі ешқашан алмастыра алмайды. Жеңілдікті несиелерді өкінішке қарай бәрі бірдей ала алмайды. Біреулерде кепілдікке

ларымен толықтай қамтылған, егіс айналымы, тыңайтқыштар мен гербицидтерді қолданатын, кадрлары толық болса, қарыз кепілі әрине өте арзан болуы керек. Мұның бәрін жер серіктері арқылы онлайн режимде көруге болады. Егер компания жанадан құрылып, жұмысын енді ғана бастаған жағдайда, әрине одан қандай да бір кепілдік талап етуге болады. Екіншіден, жердің әлеуетін толық қолдана алмай келеміз. Жердің құны бүкіл әлем бойынша бізде ең төмен бағаланатын шығар. Мәселен, АҚШ, Канада, Аустралия немесе Еуропа елдерінде бір гектар жердің құны шамамен 20 мың АҚШ долларына тең немесе одан да жоғары болады. Ал бізде жыртылған бір гектар жердің құны небәрі екі жүз доллар ғана, яғни одан жүз есе төмен бағада тұрады. Тиісінше, банктер жерді кепілдікке алғанда оны моральды кепілдік ретінде ғана санап іс жүзінде жылжымайтын мүлікті, депозитті басқа да

АЛАҢ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

бір мүліктерді кепілдікке қоюды талап етеді. Ал жер ауыл шаруашылығының басты активтерінің бірі емес пе?! Сондықтан оның әділ бағаланғаны жөн. Неге бізде жер дұрыс бағаланбайды? Құны неліктен төмен? Бұл орайда институционалды заң мәселелері бар. Бізде күні бүгінге дейін жер нарығы қалыптаспаған. Яғни, бос жерді сатып алу және сатуға болмайды. Иә, бұған дейін осы жағдайды түзетуге әрекеттер жасалды. 2018, 2019 жылдары Жер кодексіне өзгерістер енгізілді. Бірақ ол өкінішке қарай іс жүзінде жұмыс істемейді.

жақсы және жаман жағы да болды. Малмен бірге түрлі аурулар да келді, бірақ сонымен қатар үздік технологиялар да келді. Бірақ Қазақстанда асылтұқымды малдың саны артты деп айта алмаймын. Өзіміздің Қазақстанға бейімделген малдың саны артты. Он есе деп айтуға болады. Соңғы 10 жылда 70 мыңнан 470 мыңға жетті. Бұған нарықтық экономикаға әсерін тигізді.

Максұт БАҚТЫБАЕВ:
— Екінші сұраққа шетелден импортталып келген асылтұқымды малдың жалпы

мыс біткен жоқ. Бізде әлі шамамен 70 пайызға жуық мал әлі де стандарттарға сәйкес келмейді. Тиісінше, бұл жұмыстарды әлі жалғастыру қажет. Өкінішке қарай, қазір фермерлер жаппай банкротқа ұшырап жатқандықтан, олар аса қымбат тұратын асылтұқымды бұқаларды сатып ала алмайды. Сәйкесінше, бұл жұмыс мүлде тоқтап қалған. Мұнымен қоса, бірқатар тұқымды жаңартуға ынталандыратын субсидиялар да алынып тасталып, жағдайды тіпті құлдыратып жібергенін атап өту қажет.

Бағлан АЙМЫРЗАЕВ:
— 2010-2023 жылдар аралығында алыс-жақын шетелдерден республикамызға 232,9 мың бас асылтұқымды ірі қара мал әкелінген. Оның ішінде сүтті бағытта — 48,8 бас, сүтті-етті бағытта — 43,3 мың бас және етті бағытта 140,8 мың бас жеткізілді. Бұл бірінші кезекте асылтұқымды мал санын ұлғайтуды ынталандыру, асылтұқымды малдың жалпы мал басына үлес салмағын, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту мақсатында жасалған қадам болғанын атап өткен жөн. Мемлекет ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін субсидиялау жолымен қолдау шараларын жүзеге асырып жатыр. Бұл орайда мемлекеттік қолдау шараларының арқасында асылтұқымды мал басының саны жылдан жылға өсіп келеді. Жүргізілген осы шаралардың арқасында асылтұқымды малдың үлес салмағының өсуінің оң динамикасы сақталып отыр. Мәселен, 2010 жылғы 1 қаңтарда шаруашылықтардың барлық санаттарындағы

жоспары бұл ауылдағы адамдарды сол ауылдарда ұстап қалу болған. Бірақ біз бір нәрсені түсінуіміз керек. Тиімділігі, ауыл шаруашылығымен, әсіресе мал шаруашылығымен айналысамын десеңіз, аталған бағдарламалардың қаржысы мүлдем жетпейді. Бұл тек өзіңіз жеке тұлға ретінде жұмысыңыз бола тұра қосымша атқарамын деген жоспарыңыз болса, онда жеткізуге болады. Бізде ешқандай кооператив қатты дамымаған. Кооперация деген жоқ. Бұл тіпті, жеке кәсіпкер ретінде де есептелмейді.

Максұт БАҚТЫБАЕВ:
— Ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламалары бір қарағанда шарттары өте жақсы, арзан несие сияқты болып көрінеді. Бәріне бірдей бере береді. Бірақ мұнда да «әттеген-ай» дегізетін мәселелер бар. Бұған біз бірнеше мәрте назар аудардық. Бірінші кезекте ауыл шаруашылығында бизнеспен айналысу үшін немен айналысу және ол өнімді қайда сату жөнінде түсінік болуға тиіс. Ақшаны алу әрине өте оңай. Бірақ ақшаны алған соң, банкротқа ұшырамас үшін не істеу қажет? Бұл — басты сұрақ. Екіншіден, ауыл шаруашылығында бизнес жасау үшін бастапқыда ол адамның жері, егер мал шаруашылығымен айналысса, тым құрығанда жайылымы, шабындығы, басқа да қажеттіліктері болуға тиіс. Мұның бәрі бағдарламада мүлдем жоқ. Яғни, ақшаны алғанымен ауыл шаруашылығымен ешкім айналыспайды. Осындай қателіктер бар. Мұндай фактілер бірнеше мәрте анықталғаны да рас. Іс жүзінде 80 пайызға дейін қаражат мақсатты жұмсалмаған болып шықты. Сондықтан не ұсына аламыз? Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар үш мәселені қолға алуы қажет. Біріншісі, аймақтар мен ауылдарды мамандандыру. Яғни, маңайында үлкен бір кәсіпорын болса, онда сол кәсіпорынға жұмыс істеу керек. Онда нақты бір бағдарлама бойынша жұмыс істейтін барлық ауыл адамдары өнім өндірумен айналысып, нақты өнім шығара алатын еді. Екіншіден, толығымен ақшаны қолға бермей, дайын бизнеске немесе фермаға жылыжай, инкубатор, ұсақ қой-ешкі немесе ірі қара малын көбейту жағынан көмектесу керек. Бұл уақытты қысқартуға мүмкіндік беріп, технологиялық қателіктерге және ақшаның мақсатсыз қолданылуына жол бермейді. Ең бастысы, бұл болашақ фермерлерге тәбисқа жетуде уақытты қысқартады. Мәселен, сіз мал шаруашылығымен айналысуға ниеттендіңіз делік. Сізге бағдарлама бойынша 30 миллион тенге несиеге қаражат берді. Осыдан кейін жер алуыңыз керек. Жайылым алу керек. Бұған бір жыл уақыт кетуі мүмкін. Жер жобасы, конкурс, рәсімдеу басқа да шаруалары бар. Конкурс күн сайын өтпейді. Жер алған соң онда мал асырау үшін ферма салуыңыз керек. Ол да шамамен кемінде бір жыл уақытты қажет етеді. Бұдан кейін оны қалай саласыз дұрыс па, бұрыс па, қымбат па әлде арзан ба, бұл да үлкен мәселе. Бұдан кейін мал сатып алу керек. Оны ұрықтандыру үшін бұқалар керек. Төлдету үшін тағы тоғыз ай уақыт керек. Яғни, тағы бір жыл. Одан кейін төлдеріңіз өсу үшін тағы бір жарым жыл уақыт кетеді. Өзіңіз ойлап көріңізші, тек 5-6 жыл уақыт өткен соң ғана табыс ала бастайсыз. Ал несиеңіз жыл сайын төлеу қажет. Тиісінше, банкротқа ұшырайсыз немесе бұл ақшаға ол сиыр сатып алуға немесе ферма салуға жұмсамайды. Кейбір бағдарлама әуелден дұрыс ойластырылмаған. Тек ақшаны таратып, есеп беру үшін ғана ұйымдастырылған деп ойлаймын.

Дайындаған
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

ЖАН БІТСЕ, НӘР БІТЕДІ

Яғни, сен жерді сатып алсаң, сол жерді бес жыл бойы ұстауға тиіссің. Ал бұл шектеу болып табылады. Субсидиялардың бәрін қысқартып, несие беруге келсек, бұл жерде шындықтың да үлесі бар. Бірақ нақты экономикалық тиімділік басқа да есеп жоқ. Жалпы, шамамен жүзге жуық субсидия, атап айтқанда, тұқымға, гербицидке, тыңайтқыштарға, сатып алынатын малға, техникаға, құрал-жабдықтарға және басқа да көптеген түрлері бар. Бұл жерде барлық субсидия тиімсіз деп айту дұрыс емес. Бұл жерде экономикалық аппаратты қолдану қажет. Барлық субсидияларды бағалап, олардың экономикалық тиімділігін есептеу керек. Олардың елдің экономикасына, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне қандай пайда әкелетінін есептеу қажет. Яғни, мемлекетпен жұмсалған әрбір тиынның қандай ықпалы болғаны анықталғаны жөн. Осындай жұмыс жүргізілген жағдайда мына субсидиялар тиімді ал мыналарды субсидияларды алып тастау қажет деп айтуға болады. Ал мұндай жұмыс жүргізілмегендіктен мұның бәрі бюджет қаражатына манипуляция жүргізудің бірінен екіншісіне тасудың жолдары ғана болмақ.

— Қазақстанға осы уақытқа дейін шетелден қомалты қаражатқа тасымалданып келген асылтұқымды мал елдегі мал басын асылдандыра алды ма?

Бахтияр ӨТЕЛБАЕВ:
— Бұл сұраққа жауапты Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы департаментінен сандарды алсаңыздар көруге болады. Негізі, соңғы жылдары шетелге сатуға тыйым салынғаннан бері мал саны азайып барады. Себебі мал шаруашылығымен айналысқан тиімсіз бола бастады. Осы соңғы 6 айда ғана ет бағасы мәжбүрленіп қымбаттағаннан малға деген сұраныс арта бастаған сияқты. Бұл орайда біз түсінуіміз керек жайттар бар. Мал шаруашылығын асылдандыру мақсатында шетелден асылтұқымды мал сатып алудың

КЕРЕК ДЕРЕК

Ұлттық экономика министрлігі не дейді:

2023 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру басталды. Жоба ауыл шаруашылығын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталды. Бұл ретте негізгі басымдық ауыл тұрғындарын агробизнеске тартуға және ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамытуға беріле бастады.

Жобаны жүзеге асыру тетігі ретінде сенімді өкіл арқылы төмен пайыздық мөлшерлемелен микронесие беру көзделген. Атап айтқанда, ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда тұратын азаматтардың бизнес-бастамаларын 2,5 пайыздық мөлшерлемелен 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласында 7 жылға дейін қаржыландыру қарастырылған.

Бағдарлама бойынша микронесиеңіз ең жоғары сомасы жеке тұлғалар үшін — 2 500 айлық есептік көрсеткішке дейін, ал ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту үшін 8 000 айлық есептік көрсеткішке дейін бекітілген.

Жоба халықтың табысын арттырумен қатар, ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құруға, ауыл инфрақұрылымын дамытуға және ішкі кооперацияны кеңейтуге мүмкіндік береді.

еліміздегі малды асылдандыруды қаншалықты жақсартқанына келсек. Асылтұқымды малды шетелден тасымалдау сонау 2011 жылдан басталғанын еске салғым келеді. Міне, содан бері шамамен он бес жылға жуық уақыт өтті. Шамамен елу мыңнан астам мал басы жеткізілді. Ол кезде жалпы елдегі мал басы шамамен 8 миллион болған. Қазір сол жеткізілген елу мың бас көбейіп, 500 мыңға жетті. Екіншіден, бұл заманауи өнімді мал генетикасы елімізде жергілікті мал арасында таралып, сөйтіп елдегі мал тұқымының да сапасы біршама жақсара бастады. Яғни, мәселен бір қара малдан туған бұзаудан шамамен 50-100 келіге дейін артық алатын болдық. Әрине, бұл айтарлықтай экономикалық жағынан тиімді болады. Бұл кәдімгі астықтың жақсы тұқымын қолданған сияқты. Ол өнім көлемін көбейтіп жақсарту түседі ғой. Сол сияқты жақсы генетиканы пайдалану жалпы өнімділікті арттырып, оның өзіндік құнын төмендетеді. Әрине, мұнымен жү-

асылтұқымды ірі қара мал саны 344,1 мың бас немесе асылтұқымды малдың жалпы басына шаққанда небары 5,6 % құраса, 2025 жылғы 1 қаңтарда шаруашылықтардың барлық санаттарындағы асылтұқымды ірі қара мал саны 932,7 мың басқа жетіп, асылтұқымды малдың жалпы басына шаққандағы үлесі 11,8 пайызға дейін өсті.

— Ауыл шаруашылығы бойынша мемлекеттік қолдау бағдарламалары ауыл шаруашылығымен айналысуға ниетті адамдарға қаншалықты қолжетімді?

Бахтияр ӨТЕЛБАЕВ:
— Ауыл шаруашылығымен айналысуға ниетті адамдарға ұсынылатын қазіргі қолдау бағдарламалары — бұл жеке тұлғаға 7-8 баспен айналыссын, яғни ауылда қалсын деген стартап секілді несие. Бұл бағдарламалардың негізінде көзделген ең басты



3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАУЫНГЕР

Бала кезімде Ұлы Жеңіс мерекесін керемет тойладық: мереке алдында ұстаздарымыз ауылдағы азаматтардың ерлігі туралы сынып сағатын өткізіп, ардагерлер шеруінде соғыс батырларына гүл шоқтарын ұсынатынбыз. Әр батырдың соғыс, онда жасаған ерлігі, шайқастағы оқиғалары, Ұлы Жеңіске жету жолы туралы қызықты әңгімелерін өз ауыздарынан естіп, ерлік ісін мақтан етіп айтып жүрдік.

Өзімнің атам Қасымбай Мамаевтың соғыс ардагері, екінші топтағы соғыс мүгедегі екенін де білетінмін. Қасымбай атам ерекше жан еді: пейілі кең, жомарт, сөзге сараң, мінезі тұйық, ішкі сезімін ешқашан сыртқа шығармайтын, балажан, мейірімді. Танертен ерте тұрып самауырынды қайнатады да, тапшанның үстінде бір нүктеге көзін алмай қарап отырып, терең ойға шоматын. Ол ой кейде сағатқа, кейде жарты күнге созылатын. Қасына келіп, сыр шерткісі келген адамдарға тек қысқа: «Шүкір, қарағым, бәрі жақсы», — деп жауап қайыратын. Ары қарай сөзді жалғастырмай, қайтадан іштей ойға батып отыра беретін. Соғыс тақырыбын қозғағым келіп балалықпен: «Ата, соғыста қанша немісті өлтірдің?» — деп сұрағанымда: «Сендер ондайды көрмендер, соғыс деген бәленің атын атама. Шайқас даласында соғысқа кеткендердің 33 пайызы қалды, мен сияқты талай жас жау оғынан мерт болды. Солардың арасында жүріп сендердей ұрпақ сүйемін деп ойламадым. Шүкір», — деп жауап қайтаратын еді.

Кейін уақыт өте келе, соғыстан алған контузиясы мен жарақатының салдарынан атамның денсаулығы нашарлап, төсек тартып жатып қалды. Кішкентай немерелері атамды мазақтап үйге кіре сала: «Сержант Мамаев», — деп айқай салғанында атам ауырып жатқан жерінен: «Сержант Мамаев по вашему приказу прибыл», — деп атып тұра қалатын. Осылай соғыс жайлы еш сыр таркатпастан атам 2005 жылы көз жұмды.

Кейін ес кіре әкемнен сұрағанымда маған атам туралы қызықты бір әңгімесін айтып берген: «Ұлы Отан соғысына Мамай атам мен Ұлдар әжем үш ұлын аттандырып, үшеуі де елге аман-есен оралған. Кейбіреуі жалғыз

тұяғынан хабар келмей, зар жылап хабар күткенде Мамайдың үш ұлы (үлкені — Рахымбай, ортаншысы — Сырғабай, үшіншісі — Қасымбай) елге Жеңіс туын көтеріп келген. Сонда үш ағайынды бас қосып отырғанда ең қатты жараланған (атамның жүрек тұсына оқ тиіп, жарықшағы денесінде қалған) кішісі Қасымбайды ортаға алып: «Қасеке, осы сен ұйықтағанды жақсы көруші едің. Соғыста бір бұтаның түбінде қорылдап ұйықтап жатқанында немістер келіп атып кеткен шығар?!» — деп қалжындайтын. Сонда Қасымбайдың берген жауабы: «Әй,

тас болып қатқанын түсіндім. Табиғатынан жауына қиянат жасамақ түгілі, жаман сөз айтпайтын, кешірімшіл, мейірімді атам соғыста өз қолынан құрбан болған жауды да ойлай ма екен? Баласына «тәйт» деп көрмеген кең пейілді атам жауға қаруды қалай көтерді екен?! Кім білсін?!

Кейін уақыт өте келе туған-туыстардан аталарым туралы келесі деректерді анықтадым: Рахымбай Мамаев (1908-1983) 1943 жылы соғысқа аттанып, үш рет жараланған. 1945 жылы Урбах манында дұшпанның шабуылын тойтару кезінде жаудың артиллериялық атысына қарсы атыс жүргізіп, жаудың I станогті пулеметі мен бөлім солдаттарын жойғаны үшін 4-батарея минометшісі ретінде «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін», «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Кеңес әскері құрамында неміс басқыншыларынан Украина, Шығыс Еуропа халықтарын азат етуге ат салысып, Ұлы Жеңісті Берлин қаласында қарсы алған.

Сырғабай Мамаев (1915-1979) 1939 жылы әскерге офицер атағымен шақырылып, 16-артиллериялық миномет полкінде оқып, Украин майданында атқыштар полкінде рота командирінің көмекшісі қызметін атқарады. Жауды тықсыра жеңе отырып Берлинге дейін барып, Жеңісті майдандастарымен бірге қарсы алады. Штабтың бұйрығымен Берлинде почтамтты басқарған. Қазақ ССР педагогикалық қоғамының мүшесі болған.

Қасымбай Мамаев (1920-2005) соғыстан бұрын Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеп жүріп соғысқа кеткен, 1942 жылы шынтағынан жараланып елге оралады да, 1943 жылы соғысқа қайта сұранып екінші рет соғысқа аттанған. Екінші рет барғанында Сталинград майданында 47-атқыштар полкінің құрамында пулеметші болған. І дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталады.

Нағашы атам Ынтықбай Төленов (1923-1975) 1941 жылы соғысқа аттанар алдында офицерлер дайындайтын курсты бітіріп, Курскіде офицерлік қызмет, соғыстан кейінгі жылдары НКВД-да қызмет атқарған, Луговой ауданының депутаты болған. Соғыста алған жарақатының салдарынан ұзақ жылдар бойы зардап шегіп, дәрігерлер денесінен оқтың жарық-



Соғыс тақырыбын қозғағым келіп балалықпен: «Ата, соғыста қанша немісті өлтірдің?» — деп сұрағанымда: «Сендер ондайды көрмендер, соғыс деген бәленің атын атама. Шайқас даласында соғысқа кеткендердің 33 пайызы қалды, мен сияқты талай жас жау оғынан мерт болды. Солардың арасында жүріп сендердей ұрпақ сүйемін деп ойламадым. Шүкір», — деп жауап қайтаратын еді.

Сырғабай, сен артиллерияда катюшаның артында тұрып: «Атындар», — деп қолынды көтергенде сұқ саусағына ғана оқ тиген, өзің немістің төбесін де көрмедің ғой. Біздің мотоатқыштар ротасында колда қару да жоқ, пышақты колға алып, бір саптыаяқ спиртті сылқытып, неміспен қоян-қолтық ұрысқа түскен сәтіміз болған». Әкемнің осы әңгімесінен кейін атамның не үшін соғыс туралы әңгімені қозғамай, көп ойға шоматынын, салдары денсаулығына ғана кері әсерін беріп қоймай, сол кездегі жас бозбаланың бүкіл ғұмыры бойы соғыс зардабы жүрегінде қара

шағын ала алмай қайтыс болған. «Ерлігі үшін», «Еңбек үздігі» ордендерімен марапатталған.

Осылай сұрапыл соғыста қолына қару алып, отты майданға аттанып, жаудың бетін қайтарған аталарымның соғыс кезіндегі ерлігі, соғыстан кейін елді қалпына келтіру ісіндегі адал еңбегі және тек сурет бетінде қалған жарқын бейнелері ұрпақтарымен бірге жасайды.

Г. МАМАЕВА,
ҰҚК Шекара академиясының
профессоры,
подполковник

БАТЫРЛАР ЕРЛІГІ — ЕЛ ЕСІНДЕ

Санаулы күндерден кейін елімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығы атап өтіледі.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы 1 418 күн мен түнге созылды. Бұл қайғылы оқиға әр отбасының жүрегіне жара салды. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында 27 миллионнан астам адам қаза тапты. Көп адам аштықтан, оқ пен бомбаның салдарынан, ауыр еңбек пен киын тұрмыс жағдайынан қайтыс болды. Осы жылдары сарбаздар мен қарапайым тұрғындар басқалардың өмірін сақтаумен, жеңіс күнін жақындата отырып, ерлік істер жасады. Біз әр жыл сайын қасіретті күнді еске алып, батырлар ерлігіне тағзым етеміз және Отан үшін бұрынғы фашистік Германияға қарсы соғысқан ата-бабаларымызды құрметпен еске аламыз!

Соғысқа қатысқан қаһармандардың ерлігін, бастан өткерген қайғы-қасіреті мен қиындықтарын, Отанға деген сүйіспеншіліктерін өскелең ұрпаққа жеткізуіміз керек. Әрбір отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамдық ұйымдар, жастар-патриоттық қозғалыстары еліміздің қайсар азаматтарының жауынгерлік ерліктері туралы айтуға тиіс. Әр отбасы өз ата-бабаларын құрметтеп, қаһармандарының марапаттарын мұқият сақтайды. Ұлы Отан соғысы батырларының ерліктері мен Отанына деген махаббаты туралы жиі айтылса, жас буынның бойында ата-бабаларына деген мақтаныш сезімі дамиды, соларға ұқсауға тырысады және жауапкершілік қасиеті қалыптасады. Бұл үшін Ұлы Отан соғысы жайында, ардагерлердің ерліктері туралы естеліктерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу өте маңызды.

Ұлы адамдардың ерлік істері біздің еліміздің тарихында мәңгілікке жазылған. Еліміздегі кей қалалардың бірқатар көшелері, даңғылдары мен алаңдары Ұлы Отан соғысы батырларының атымен аталады. Біз үшін ата-бабаларымыздың Отан алдындағы ерлігі үлгі аларлықтай. Бұл — болашақ ұрпаққа деген үлкен адамгершілік ілім.

Мен де Ауған соғысының жауынгері ретінде, Жеңіс күнінің қаншалықты қаһармандықпен, қиындықпен келгенін түсінемін. Ауған соғысының ардагері ретінде сұрапыл соғыстың ауыр кезеңдерін еске ала отырып, жеңіске жеткізген қаһармандарымыздың ерлігіне ерекше ілтипатпен басымды иемін. Олардың батылдығы, жанқиярлығы және жаңашыл іске деген сенімі жас сарбаздарға моральдық бағдар беріп, Отанға қызмет етудің үлгісі болды. Мамыр айы бізге бостандықтың қаншалықты қымбат болғанын еске салады. Біз — Жеңістің мұрагеріміз және біздің міндетіміз — батырларды еске алу, әкелеріміз бен аталарымыз басынан өткізген ауыр күндер ешқашан қайталанбас үшін азаттықты кейінгі ұрпаққа мұра ету. Аспанымыз әрқашанда ашық болып, заманымыз тыныш болсын, әр үйде балалардың күлкісі мен жақын жандардың жылы сөздері естілсін. Баршаңызға денсаулық, амандық және жарқын болашаққа деген берік сенім тілеймін. Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Нариман ТАУШОВ,
Абай облысы бойынша тексеру
комиссиясының төрағасы,
Ауған соғысының ардагері



ЗЕРДЕ

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Адам ағзасындағы ең күрделі экожүйелердің бірі – ішек микрофлорасы. Миллиардтаған микроағзадан тұратын бұл әлем біздің иммундық жүйемізден бастап, көңіл күйіміз бен метаболизмімізге дейін түрлі маңызды үдеріске әсер етеді. Соңғы жылдары медицинада ішек микрофлорасын қалпына келтірудің тың әрі тиімді тәсілі ретінде нәжіс трансплантациясы кеңінен зерттеле бастады. Ғылыми атауы фекальды микробиота трансплантациясы (FMT) деп аталатын әдіс бір адамның сау ішек бактерияларын басқа адамның ішегіне көшіру арқылы емдеуді көздейді. Бір қарағанда тосын әрі оғаш көрінетін бұл процедура шын мәнінде күрделі ғылыми негізге сүйенеді және антибиотикке бой бермейтін кейбір ауруларға қарсы тиімді балама ем ретінде қарастырылып отыр.



Таңғажайып

ТРАНСПЛАНТАЦИЯ

А Ботагөз
МАРАТҚЫЗЫ

«САРЫ СОРПАДАН» БАСТАЛҒАН ТЕРАПИЯ

Нәжіс трансплантациясы — ғылымға енді ғана келіп жатқан жаңалық емес. Бұл әдістің тарихы тереңде жатыр: ол алғаш рет ежелгі Қытайда қолданылғаны туралы деректер бар. Шамамен біздің дәуіріміздің IV ғасырында өмір сүрген қытай дәрігері Гэ Хун (Ge Hong) іш ауруларына шалдыққан науқастарды «сары сорпа» деп аталатын ерекше сұйықтықпен емдеген. Бұл сұйықтықтың құрамында адам нәжісі болған деген болжам бар. Оны науқасқа ішкізудің мақсаты — ішектегі бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіру. Осыған ұқсас емдеу тәсілдері орта ғасырларда Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкада да болған деген мәліметтер кездеседі.

Ал заманауи медицинада нәжіс трансплантациясы жайлы әңгіме XX ғасырдың ортасында айтыла бастады. 1958 жылы америкалық хирург Бен Эйсман мен оның әріптестері антибиотиктерге бой бермейтін ауыр ішек инфекциясына шалдыққан төрт науқасқа нәжіс ерітіндісін тік ішек арқылы енгізу арқылы ем жүргізген. Бұл ем сәтті болып, науқастардың жағдайы жақсарғаны байқалды. Бұл қазіргі медицинада ресми тіркелген алғашқы клиникалық нәжіс трансплантациясы болып саналады.

Кейінгі онжылдықтарда бұл әдіске қызығушылық бәсеңсігенімен, 2000 жылдардан бастап микробиом туралы ғылыми зерттеулердің көбеюі

нәжіс трансплантациясына деген қызығушылықты қайта жандандырды. Қазір бұл әдіс бірнеше дамыған елде ресми түрде тіркелген емдеу тәсіліне айналды.

ІШЕК ПЕН МИ АРАСЫНДА ДА БАЙЛАНЫС БАР

Бүгінде нәжіс трансплантациясының әлеуеті әлдеқайда ауқымды екені дәлелденіп отыр. Әсіресе, Clostridium difficile атты инфекцияға қарсы күресте бұл әдіс медицина әлемін таңғалдырды. Бұл инфекция адамның ішегінде токсиндер таратып, диарея мен қабыну туындатады. Ең жаманы, ол антибиотиктерге оңай көне қоймайды. Ал нәжіс трансплантациясының көмегімен бұл инфекцияны емдеу тиімділігі 90%-ға дейін жететіні көп клиникалық зерттеуде көрсетілген.

Соңғы жылдары ғалымдар нәжіс трансплантациясының басқа да ауруларға әсері болуы мүмкін екенін байқады. Мәселен, ойық жаралы колит және Крон ауруы сияқты қабынбалы ішек ауруларымен күресте кейбір пациенттер FMT-тен кейін жағдайы жақсарғанын айтқан. Әзірге бұл әдіс аталған ауруларға ресми ем ретінде бекітілмесе де, ремиссияға жеткен науқастар үлесі кей зерттеулерде 30-50% шамасында болған.

Нәжіс трансплантациясын метаболикалық ауруларға қарсы амал ретінде де айтуға болады. Бір зерттеуде семіздікке шалдыққан ер адамдарға нәжіс доноры ретінде арық әрі метаболизмі жақсы жұмыс істейтін донорлардың материалы қолданылған. Нәтижесінде, оларда инсулинге сезімталдық артқаны байқалған. Әрине, бұл адам арықтай салады деген сөз емес, бірақ ішек микрофлорасының зат алмасуға қатысы барын көрсетеді.

Ал енді ішек пен ми арасындағы байланыс — мүлде бөлек әңгіме. Соңғы зерттеулер микрофлораның күйзеліске, мазасыздыққа, тіпті аутизм спектріндегі бұзылыстарға ықпал етуі мүмкін екенін көрсетті. 2019 жылы АҚШ-та жүргізілген бір тәжірибеде аутизмге шалдыққан балаларға нәжіс трансплантациясы жасалып, тек ішек жұмысы емес, мінез-құлық пен сөйлеу дағдыларының да жақсарғаны тіркелген.



Шамамен
біздің дәуіріміздің IV ғасырында
өмір сүрген қытай
дәрігері Гэ Хун (Ge Hong) іш
ауруларына шалдыққан
науқастарды «сары сорпа»
деп аталатын ерекше
сұйықтықпен
емдеген.



Әрине, бұл әдіс бәріне бірдей дәрі емес. Бірақ қазіргі ғылым нәжіс трансплантациясын тек ішекке емес, бүкіл ағзаға әсер ететін қуатты құрал ретінде зерттеуде.

«БИОЛОГИЯЛЫҚ» БИЗНЕС

Ал енді трансплантация процесі қалай өтетініне тоқталайық. Алғашқы кезең — донор табу. Донор болатын адамның денсаулығы мінсіз болуы шарт. Яғни, жұқпалы аурулармен ауырмауы, ас қорыту жолдары бұзылыстарының болмауы, соңғы айларда антибиотик қолданбауы, жалпы иммундық жүйенің жақсы күйде болуы маңызды. Донор қан және нәжіс талдауларынан толық тексерістен өтеді. Кей елдерде тіпті бұл үшін арнайы «нәжіс банкі» құрылған. АҚШ-та кейбір клиникалар мен зерттеу

ұйымдары нәжіс донорларын жарнама арқылы іздейді. Мысалы, GoodNature атты бағдарламада «Сіздің нәжісіңіз адам өмірін құтқаруы мүмкін» деген ұранмен адамдарды донорлыққа шақырып, арнайы бейнероликтер таратылады. Шарттары да жаман емес: егер сіз Калифорниядағы Ирвайн немесе Аризонадағы Темпе қалаларының маңында тұрсаңыз, ішек флораныз талапқа сай келсе, бағдарламаға қатысып, айына 1 500 долларға дейін табыс таба

Кейде барлық тексеруден өтсе де, кейіннен донор ағзасында бұрын анықталмаған вирустар немесе метаболикалық бұзылыстар болуы мүмкін — олар трансплантация арқылы реципиентке де берілуі ықтимал. 2019 жылы АҚШ-та дәл осындай жағдай тіркеліп, имунитеті әлсіз науқас донорлық нәжіс арқылы көп дәріге төзімді бактерия жұқтырып, қайтыс болған. Осыдан кейін FDA (АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек сапасын саңитарлық бақылау басқармасы) нәжіс трансплантациясына қатысты қатаң талаптар енгізді.

Тағы бір маңызды мәселе — микробиомның күрделілігі. Әр адамның ішек флорасы — өз алдына бір әлем,

аласыз. Бір рет нәжіс тапсырудың өзі шамамен 75 доллар, ал ішегіңіздегі кейбір бактерия түрлері ерекше құнды саналса, қосымша бонустар да қарастырылған.


Процедураның келесі кезеңі — материалды дайындау. Донордан алынған нәжіс стерильді жағдайда арнайы сұйықтықпен араластырылып, сүзгіден өткізіледі. Бұл қоспа тек пайдалы бактериялардан тұратын, залалсыздандырылған микробиологиялық «коктейльге» айналады.

Қоспаны науқасқа жеткізудің бірнеше жолы бар. Ең жиі қолданылатын әдіс — колоноскопия арқылы ішекке енгізу. Бұл жол — микрофлораны тікелей ішекке жеткізудің ең тиімді тәсілі. Сонымен қатар зонд немесе капсула түріндегі әдістер де қолданылады. Соңғысы — заманауи әрі ыңғайлы тәсілдердің бірі. Бұл жағдайда арнайы өңделген капсулаларды ішіп, микрофлораны ас қорыту жолдары арқылы қабылдауға болады.

Процедура алдындағы дайындық та маңызды. Әдетте науқас ішек тазарту курсынан өтеді — бұл жаңа микрофлораның ішекте жақсы «қоныстануына» жол ашады. Кей жағдайларда алдын ала антибиотиктер де тағайындалуы мүмкін.

ӘМБЕБАП АМАЛ ЕМЕС

Нәжіс трансплантациясы қызықты, тіпті болашағы зор терапия болғанымен, бұл әдіс бәріне бірдей және барлық жағдайда қауіпсіз деп айта алмаймыз. Ең алдымен, донор нәжісінің құрамында тек пайдалы емес, зиянды микроорганизмдер де болуы мүмкін. Сол себепті донор тандау мен тексеру процесі өте мұқият жүргізілуі керек.



ол ерекше тепе-теңдікпен жұмыс істейді. Сырттан енгізілген микрофлора бұл тепе-теңдікті бұзып, күтпеген реакцияларға әкелуі мүмкін.

Этикалық тұрғыдан алғанда да сұрақтар аз емес. Мәселен, донорлық нәжіс коммерциялық тауарға айнала ма? Жоғарыда айтылғандай, кей елдерде нәжіс донорларына ақша төленеді. Бұл бір жағынан мотивация болса, екінші жағынан биологиялық материал айналасында бизнес қалыптастыру қаупін туғызады. Донорлар өз денсаулығын дұрыс бағаламай, тек табыс үшін жалған ақпарат беруі мүмкін. Мұндай жағдайда реципиентке қатер төнеді.

Түйін:

Болашақта микробиом инженериясы, яғни пайдалы бактерияларды мақсатты түрде синтездеп, науқасқа беру нәжіс трансплантациясын мүлде жаңа деңгейге шығаруы ықтимал. Бұл жағдайда енді біз «классикалық нәжісті» емес, нақты функция атқаратын микробтар қоспасын қолданатын боламыз: таза ғылым мен технологияның симбиозы дегеніміз осы. Алайда қандай жаңалық болмасын, қауіпсіздік, этика және ғылыми негізде жұмыс істеу — осы әдістің болашағын айқындайтын басты факторлар болып қала бермек.

ДОДА

3 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Төрткүл дүниеде ала доптың артынан жүгірген спорт түрі әлі күнге дейін танымалдығы артпаса кеміген жоқ. Күнтізбеде 25 сәуір – қазақ футболы үшін ерекше күн. Тап осы күні қазақ футболы дүниеге келіп, тарихы жаңарды. Айтулы мерекеге орай ел астанасында футбол тарихындағы әлемдік деңгейдегі жұлдыздар мен Қазақстан құрамасының бұрынғы ойыншылары жолдастық кездесу өткізді.

АҢЫЗДАР АЛАНДА АЙҚАСТЫ

Әсет ҚАЛИ
ФУТБОЛДЫҢ БАСТАУЫ

Ұлтымызға аяқ доп сонау Кеңес үкіметінің дәуірінде кірген. Алғашқылардың бірі болып Семейде «Олимп», «Ласточка», «Орлята» және «Ярыш» командалары құрылған. Қазақ әдебиетінің тау тұлғалы жазушысы Мұхтар Әуезов өз заманында осы «Ярыш» клубында доп тепкен. Мұхтармен ілесіп қазақ жастары да футболға кіре бастады. Семейлік футбол жылнамашысы Евгений Один тапқан деректерге сүйенер болсақ, «Ярыш» халықаралық бәсекеге қатысқан алғашқы команда болып есептеледі. Әнгіме «Ярыштың» Семей қаласындағы Бірінші дүниежүзілік соғыс тұтқындарынан жасақталған командаға қарсы өткізген кездесулеріне қатысты. Әскери тұтқындар арасында біздің командаға қарсы 1912 жылғы Олимпиада ойындарының екі қатысушысы өнер көрсеткен. Қазақстандық футболдың қарлығаштары алғашқы ойындарын Казан төңкерісіне дейін күз сайын өткізілетін атакты Семей жәрменкесі өтетін алаңқайда өткізіп келді.



Бертінге дейін қазақ футболы талай эволюциялық төңкерістен өтті. Ақыры егемендік алғаннан кейін 1992 жылы Қазақстан Футбол федерациясы өз қазығын қадады. Одан тағы бірнеше жылдан кейін 2002 жылдың 25 сәуірінде ресми түрде Еуропалық футбол қауым-

дастықтар одағының (УЕФА) құрамына кірдік. Дәл осы күннен бастап футболымызда жаңа леп пайда болды.

ТІРІ АҢЫЗДАР – АСТАНАДА

Елордамызда Қазақстан футбол қауымдастығының ұйымдас-



Бертінге дейін қазақ футболы талай эволюциялық төңкерістен өтті. Ақыры егемендік алғаннан кейін 1992 жылы Қазақстан Футбол федерациясы өз қазығын қадады. Одан тағы бірнеше жылдан кейін 2002 жылдың 25 сәуірінде ресми түрде Еуропалық футбол қауымдастықтар одағының (УЕФА) құрамына кірдік. Дәл осы күннен бастап футболымызда жаңа леп пайда болды.

тыруымен аңыздар ойыны өтті. Жалпы, футбол әлемінде аңыздар ойыны жиі болып тұрады. Өз заманының жұлдызы әрі шебер атанған ойыншылары өзара жолдастық кездесу өткізіп, халықтың қошеметіне тағы бір бөленіп қайтты. Бұл – футбол тарихын дәріптеу, аңыз ойыншыларды құрметтеу мақсатында өткізілетін шара. Футболдың екі патшасы атанып кеткен Пеле мен Марадона да сонау 90-жылдары бірге матч өткізген деседі. Содан бері

бұл дәстүр жалғасын тауып келе жатыр.

Жолдастық кездесуге Әлем аңыздары құрамасының сапында Португа кақпашы болып талай трофейді қанжылаған Витор Байя, әйгілі Зиданның басын кеудесімен тосқан Марко Матерацци, Интерде ең көп матч өткізіп, рекорд тіркеген Хавьер Занетти, әлем чемпионы Кристиан Заккардо, өзінің жылдамдығымен елдің назарын аударған Дуэлас Майкон, қорғанысты бек ұстаушы Макелеле және де үш түрлі клубпен Чемпиондар лигасын ұтқан жалғыз футболшы Кларенс Зеедорф ойнады. Тірі аңыздарды көргенде жанкүйерлер ыстық қолдау көрсетіп, бір қуанып қалды.

Ал Қазақстан аңыздары құрамасы сапында Нұрбол Жұмаскалиев, Давид Лория, Танат Нөсербаев, Ұлан Қонысбаев және басқа да танымал футболшылар алаңға шықты.

Ойын басталғалы-ақ қазақстандық футболшылардың белсенділігі байқалды. Олар көбіне бірінші нөмірмен ойнады. Сондай сәттердің бірінде шабуылшы Мұрат Тілешев португалиялық қақпашы Витор Байядан айланын асыра алмады. Көп ұзамай қазақстандықтар өз қақпаларына гол кіргізді. Голды Гаизка Мендиетаның өзі соқты.

Екінші таймда жерлестеріміз таразы басын теңестіруге тырысты. Нәтижесінде, Азат Нұрғалиев өз мүмкіндігін сәтті орындады. Бірінші голдан кейін ол лезде қарсыластың айып алаңын торуылдап жүріп, дәл келген пасты қақпаға түзу тепті. Солай командасын алға шығарды. Матч аяқталуға 10 минут қалғанда Давид Лория қорғаған Қазақстан футболының аңыздарының қақпасына пенальти белгіленді. Пенальти айып добын Англияда ең үздік сұрмерген атанып, атакты Манчестер Юнайтедтің атағын көкке көтерген Димитар Бербатов еш мүлтіксіз орындады. Осылайша, жолдастық кездесу 2:2 есебімен тең аяқталды.

SMH SPORTS бас директорының орынбасары Ника Кевхишвили ойын туралы қуанышын білдірді. «Біз Legends Match-ті Қазақстанға әкелгенімізге қуаныштымыз және жанкүйерлерге қазіргі заманның ең үздік футболшыларын көзбен көрудің бірегей мүмкіндігін береміз. Қазақстандағы ұлттық футбол күнінде мұндай матч жас таланттарды шабыттандырып, жанкүйерлердің басын біріктіріп, матчты одан да көп өткізу үшін барымызды саламыз», – деді ол.

«Біз Legends Match-ті қолдап, Қазақстандағы спорттық рух пен футболға деген ынта-жігерді ілгерілетуге көмектесуге қуаныштымыз», – деді 1XBET қазақстандық маркетинг жөніндегі директоры Юрий Матиун.



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМЕ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМЕ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4588
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,